



ISSN 1727-060X

*2002 жылдың қазан айынан бастап екі айда бір рет шығады*

# ТҮРКОЛОГИЯ



**№ 6 (80), 2016**  
**Қараша-желтоқсан/ Kasım-Aralık**

Журнал 2003 жылдың мамыр айынан бастап Париж қаласындағы халықаралық ISSN орталығында тіркелген. ISSN 1727-060X

Журнал зарегистрирован в международном Парижском ISSN центре с мая 2003 года. ISSN 1727-060X

The journal is registered in Paris ISSN international center since May 2003. ISSN 1727-060X

Журнал ҚР Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің мерзімді баспасөз басылымы және ақпараттық агенттігінде тіркелген. Куәлік № 55-97-Ж 18.ІІ.2005 ж.

Журнал зарегистрирован Министерством по инвестициям и развитию РК Комитет связи, информатизации и информации свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания и информационного агентства № 5597-Ж 18. II. 2005 г.

The journal is registered by the Ministry of Investment and Development Committee of the RK communication, information and information about the certificate of registration of a periodical and news agency № 5597-Zh 18. II. 2005.

**Түркістан**  
**2016**

## ҚҰРЫЛТАЙШЫ

### Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

#### Редакция алкасы

док., проф. М.Йылдыз (Гази университеті, Анкара).  
ф.-мат. г. д., проф. У.Әбдібеков (А.Ясауи университеті, Түркістан).  
техн. г. д., проф. Т.Раимбердиев (А.Ясауи университеті, Түркістан).  
ф.г.д., проф. К.Ергөбек (А.Ясауи университеті, Түркістан).  
док., проф. Т.Қожаоғлы (Мичиган университеті, АҚШ).  
ф.г.д., проф. А. Ахматалиев (Қырғыз Ұлттық академиясы, Бішкек).  
ф.г.д., проф. К.Алламбергенов (Әжіняз атындағы пед.институт, Нүкіс).  
т.г.д., проф. Д. Қыдырәлі (Түркі академиясы президенті, Астана).  
ф.г.д., проф. Б.Бутанаев (Н.Ф.Катанов атындағы Хакасия мем.университеті, Абакан).  
ф.г.д., проф. Н.Егоров (Тіл білімі институты, Чебоксары).  
ф.г.д., проф. М.Х.Идельбаев (Ақмолла атындағы Баиқұрт мем. университеті, Уфа).  
ф.г.д., проф. В.Илларионов (М.Аммосов атындағы Солтүстік-шығыс федеральді университеті, Якутск).  
ф.г.д., проф. Д.Кенжетай (Евразия университеті, Астана).  
док., проф. Я.Құмарұлы (Гуманитарлық ғылымдар академиясы, Үрімші).  
ф.г.д., проф. Х.Миннегулов (Қазан федеральді университеті, Казан).  
ф.г.д., проф. К. Мусаев (РФА Тіл білімі институты, Мәскеу).  
т.г.д., проф. А.Муминов (Еуразия университеті, Астана).  
ф.г.д., проф. М. Жұраев (А.Науаи атындағы Тіл және Әдебиет институты, Ташкент).  
ф.г.д., проф. А.Тыбыкова (Таулы-Алтай мемлекеттік университеті, Таулы Алтай).  
ф.г.д., проф. М. Улаков (Кабардин-Балкар мемлекеттік университеті, Нальчик).  
ф.г.д., проф. К. Райхл (Бонн университеті, Бонн).  
доц.док. С. Гүндүз (Абант Изет Байсал университеті, Болу).

**Бас редактор**  
Доктор, профессор Мехмет Куталмыш  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Түркістан / Қазақстан

**Бас редактордың орынбасары**  
Доктор Сердар Дағыстан  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Түркістан / Қазақстан

#### OWNER

### International K. A. Yassawi Kazakh-Turkish University

#### Editorial Board

Prof. Dr. M. Yıldız (University of Gazi, Ankara).  
Prof. Dr. U. Abdibekov (IKTU, Turkestan).  
Prof. Dr. T. Raimberdiev (IKTU, Turkestan).  
Prof. Dr. K. Ergobek (IKTU, Turkestan).  
Prof. Dr. T. Kocaoğlu (University of Michigan, USA).  
Prof. Dr. A. Ahmataliev (Kyrgyz National Academy, Bishkek).  
Prof. Dr. K. Allambergenov (Ped. Institut named Azhniyaz, Nukis).  
Prof. Dr. D. Qydyrali (President of the Turkic Academy, Astana).  
Prof. Dr. B. Butanaev (Khakassia State University named N.F. Katanova, Abakan).  
Prof. Dr. N. Egorov (Institute of Linguistics, Cheboksary).  
Prof. Dr. M. H. Idelbaev (Bashkir State University named Akmulla, Ufa).  
Prof. Dr. V. Illarionov (North-Eastern Federal University M.Ammosov, Yakutsk).  
Prof. Dr. D. Kenzhetay (Eurasia University, Astana).  
Prof. Dr. Y. Kumaruly (Academy of Sciences, Urimchi).  
Prof. Dr. H. Minnegulov (Kazan Federal University, Kazan).  
Prof. Dr. E. Musaev (RAS Institute of Linguistic, Moscow).  
Prof. Dr. M. Muminov (Eurasia University, Astana).  
Prof. Dr. M. Zhuraev (Institute of Language and Literature named A. Navoi, Tashkent).  
Prof. Dr. A. Tybykova (Gorno-Altai State University, Gorno-Altai).  
Prof. Dr. M. Ulakov (Kabardino-Balkar Research Institute of Language, Lit. and History, Nalchik).  
Prof. Dr. K. Reichl (University of Bonn, Bonn).  
Doç. Dr. S.Gündüz (University of Abant İzzet Baysal, Bolu).

**Editor-in-chief**  
Prof. Dr. Mehmet Kutalmış

International  
K.A.Yassawi Kazakh-Turkish University  
Turkestan / Kazakhstan

**Associated editor**  
Dr. Serdar Dağıstan

International  
K.A.Yassawi Kazakh-Turkish University  
Turkestan / Kazakhstan

---

---

## ҒАЛЫМ ЖОЛЫ

---

---

### АЛПЫС ҮШ ЖАСТЫҢ ҒҰМЫРЛЫҚ МАЗМҰНЫ (Автосұхбат немесе ғұмырлық кезеңдерге ойсапар)

Сұхбатты дайындаған Ж.Т.ТАНАУОВА\*



Бекжан Орынбай Дәндейұлы 1953 жылы 14 желтоқсанда Оңтүстік Қазақстан облысындағы қазіргі Асық ата кенті, бұрынғы С.М.Киров атындағы ауданның «Победа» совхозының екінші бөлімшесінде туған. 1984-1989 жылдар аралығында С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) араб, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында оқып бітірген. Оқуын бітірген соң Ғылым Академиясы Тіл білімі ғылыми-зерттеу институтында жұмыс істейді. Көне түркі жазба ескерткіштерінің сырын ашуға ден қойған ғалым 1997 жылы «Жай сөйлемнің теориялық мәселелері және Күлтегін ескерткішіндегі ұйысымдық, типтік сипатталуы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Бүгінде Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Түркология ғылыми зерттеу институтында аға ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді.

---

\* Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркология ғылыми-зерттеу институтының қызметкері, Түркістан- Қазақстан.  
Institute of Turkology, International K.A.Yassawi Kazakh-Turkish University. Turkistan-Kazakhstan.  
e-mail: [zhupar.tanauova@ayu.edu.kz](mailto:zhupar.tanauova@ayu.edu.kz)

**-Жас шағыңыз қайда өтті?**

-Біздің ата-бабамыз Түркістан қаласы мен оның оңтүстігіндегі Сыр дариясының оң жағалауын және осы тұстан Қаратау қыратындағы «Шымырдың талы» деген жота арасына дейін мекен еткен екен. Шымыр деген біздің көнедегі бабамыздың аты екен, жота сол кісінің атына қойылса керек. 1939-1941 жылдар арасында үкімет бұл өңірдің халқын Мырзашөл аймағына тың жерді игеруге күштеп қоныс аудартқан. Сөйтіп мен Оңтүстік Қазақстан облысындағы қазіргі Асық ата кенті, бұрынғы С.М.Киров атындағы ауданның «Победа» совхозының екінші бөлімшесінде, 1953 жылы 14 желтоқсанда дүниеге келіппін. Бұл ауыл ақсақалдары туған жерді сағынып, Түркістанға қайта көшуді аңсап жүрген кез еді. 1963-64 жылдары Мырзашөл өңірін Өзбекстанға беру туралы Кеңес үкіметінің пиғыл-ниеті байқала бастағанда, көшуді аңсау тіпті күшейе түскен. Содан 1964-65 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданы, Чапаев атындағы колхоздың орталығына көшіп келдік.

Әзірет Сұлтан есімін алғаш есту, оған қатысты бейнені тұңғыш көру былай болған. Түркістанға баратын күре жолға шықсақ, батыстан жеңіл машинаға ұқсас бір бейне қарауытып көрінетін. Ол не деп алғаш сұрағандағы естіген жауабым: – Ол Әзірет Сұлтан ғой, – болды. Міне, Әзірет Сұлтанмен алғашқы таныстық осылай болып еді.

**-Мектепті қалай бітірдіңіз?**

- Мен бес жасымда үлкендердің үйретуімен әліппені толық меңгеріп, кітап-газеттерді оқи алатын дәрежеге жеткен едім. Жетіге толмастан бірінші сыныпқа оқуға қабылдандым.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен үлгерімім жақсы еді, өйткені әдебиетке құмарлығым күшті болды, он жасымда өздігімнен қазақ жазушыларының романдарын оқи бастадым. Оның себебі ол кітаптарды іздеп әуре болмайтынмын, өйткені ағам Орман «қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің маманы болғандықтан әр түрлі әдеби кітаптарды үйде көп жинады. Ол тоғызыншы сыныпқа дейін маған қазақ тілі мен әдебиетінен сабақты өзі берді. Бұл да болса Алла тағаланың өз қалауымен болған менің өмірлік бағытым болса керек деп түйсінемін. Сол себептен менің мамандық таңдаудағы бағытым тіл-әдебиет саласы болды, тоғызыншы-оныншы сыныптағы кезімде жазушы болғым кеп бір хикаят жазуды бастаған сәттерім де есімде.

Одан кейінгі кездерде өлең жазуға бет бұрдым, Қасым Аманжоловтың өлеңдеріндегі шыншыл, өмірде кездесетін айқын,

сәулелі оқиғалар менің жүрегіме жылы тиіп, шабытты әсер беретін. Соның әсерінен біраз өлеңдер де жазған болатынмын. Кейін 1977 жылы Алматыға оқуға түсуге барғанда «Лениншіл жас» газетіне бастыруға редакцияға бардым. Газеттің әдебиет бөліміне жауапты Құлбек Ергөбеков деп жазылған бөлменің есігін ашып, кірдім. Төр жақтағы үстелде көзі көк, сап-сары, жас жігіт отыр екен. Жазып әкелген өлеңдерімді оған ұсындым. Ол оқып көрді де: – Оқу бітірдің бе – деп сұрады. Мен: – Жоқ – дедім. Ол сәл ойланды да: – Оқу керек, сонда мына өлеңдерің жетіле түседі – деп өлеңдерімді өзіме қайтарды. Бұл жігіт қазіргі белгілі сыншы, әдебиет зерттеуші ғалым Құлбек Сәрсенұлы Ергөбек еді.

**-Колхоз шаруашылығында қандай жұмыстар атқардыңыз?**

-Мектепті 1970 жылы бітірген соң жазғы уақытта ауылдағы мақта шаруашылығының жұмыстарына араластым. 1971 жылы жазда мақта суғарып, сушы болып жұмыс істедім. 1972 жылдың мамырынан 1974 жылдың мамырына дейін сол кездегі ОКФСР-дің (РСФСР) Горький облысында кеңестік зенитті-ракеталы әскер құрамында қызмет еттім. Онда да әскер өмірінің ақ-қара жақтарын бір кісідей көріп қайтуға тура келді. Әскерден келгеннен кейін де сушылық жұмысты атқардым. Жұмыс істей жүріп, жоғары оқу орнына түсу үшін жолдама алуды ойладым.

**-Жоғары оқу орнына түсудің мүмкіндігі қашан басталды?**

-Жоғары оқу орнына түсуге талаптанған мен қандай мамандық таңдау туралы нақты ойлана бастадым және оқуға ақша беру және таныс іздеу арқылы түсуден бас тарттым да, барлық тағдырды Алла тағаланың нұсқауымен шешуге бел будым. Үйде ағам әкелген Б.З.Халидовтың (Учебник арабского языка. Ташкент, «Уқитувчи», 1977, 656 с.) кітабынан араб тілін оқып, үйренуді бастаған едім, бірақ ондағы қазақ тілінде жоқ дыбыстарды үйренуге мүмкіндік болмады. Сондықтан араб тілі мамандығын алуға ниет еттім.

Өзім 1980 жылдың екінші жартысынан бастап құрылыс жұмысына кіремін деп шешіп қойғанмын, себебі жоғары оқу орнының дайындық курсына қабылдау емтиханы күзде өткізілетін. Мақсат үш жыл құрылыста істеп, жолдама алып, Алматыдағы С.М.Киров атындағы Қазақтың мемлекеттік университеті филология факультетінің араб тілі мамандығына оқуға түсу. Бұл менің күндізгі

оқуға түсуімнің соңғы мүмкіндігі болды, яғни, сол жылы мен отызға толатын едім.

1980 жылы шілде айынан бастап Түркістан колхозаралық құрылыс мекемесіне жұмысқа қабылдандым. Оқуға жақын қалған күндері жолдаманы да қолыма алдым.

**-Жоғары оқу орнына түсу, одан ары оқу кезеңі қалай өтті?**

-Алматыға барып, бұрынғы таныс пәтерге орналастым, ал емтиханға дайындық жасауға ешқандай оқулық жоқ, тек бұрынғы есте қалғандар мен құдай-әруаққа сену ғана жанға медет. ҚазМУ-дың филология факультеті, араб бөлімінің дайындық курсының қабылдау емтиханы қазақ әдебиеті, қазақ тілі және тарих пәндерінен болатыны анықталды. Қазақ тілінен доцент Берікбай Сағындықұлы, қазақ әдебиетінен доцент Алма Қыраубайқызы, тарихтан Мәрзия Ғабдушевалар емтихан алатын болды. Алғашқы емтихан қазақ әдебиетінен болды. Әр билет үш сұрақтан тұрады екен. Алғашқы екі сұрақ есімде жоқ, үшінші сұрақ С. Сейфуллиннің шығармашылығы туралы болды. Атақты ақынның прозасы мен поэзиясын мектеп кезінен жақсы білемін, сол туралы біраз айттым. Апай шамалы айтқан соң: – Сәкеннің бір өлеңін жатқа айта аласың ба? – деп сұрады. Мен «Көкшетау» поэмасының басқы шумағын айтып бердім. Апай риза болды, анық есімде жоқ, төрт пе, бес пе бір бағасын қойды.

Келесі емтиханды қазақ тілінен доцент Берікбай Сағындықұлы алды. Үшінші емтихан тарихтан болды, оны М. Ғабдушева деген апай алды. Мектепте тарих сабағын оқуға көп мән берген жоқпын, әсіресе, қазақ тарихының өте жұқа болуы күмән тудырды, әрі отаршылдық дәуірін түгелдей орыс мемлекетінің нығайтушылығы деп көрсетуі менің көңіліме қонбады. Сондықтан мен тарих сабағының білдірген мәліметтерін түгелдей ақиқат деп қабылдамадым. Сол себептен маған емтихан сұрақтарына нақ па нақ жауап беру қиынға соқты. Оған апай риза болмады ғой деймін, шамалы дау шығарғандай болғаны еміс-еміс есімде. Оған Берікбай ағай мен Алма апайлар тарих пәні мамандыққа тікелей қатысты емес деп мені жақтап алып қалғандай бір оқиға болған.

Мектептен кейін он үш жылдан соң оқуға түсу оңай емес, тек негізгі ынтам тіл-әдебиет болғандықтан және Берікбай ағай мен Алма апайлардың ғылымға, ғылым зерттеушісіне деген ізгі құрметі, олардың параға қызықпайтын, тек қана тазалық, адалдық пен әділдікке бағыт ұстануы менің дайындық курсына түсуіме ықпалын тигізді деуге

болады. М.Ғабдушева апай да адал кісі екен. Шамамен үшінші курста болуы керек бір сабақ болардың алдында аудиторияға кіріп келді де: – Біраз әңгімелесіп болған соң маған қарап: – Іштеріңде парамен түспеген Бекжанов, сен, қалғандарыңның бәріңді білемін ғой – деді. Мен араб тілінен, қазақ тілі мен әдебиетінен беске оқитынмын. Сірә, сыртымыздан сабақ үлгерімімізді біліп жүрген-ау деп ойладым.

Бірінші курста да, одан кейінгі курстарда да негізгі күштің бәрі де араб тіліне жұмсалды. Араб тілі бойынша топта жиырма бес қыз-жігіт болса, соны екі бөліп оқытатын болды, қалған жалпы сабақтарда қосылып оқи бердік. Қазақ тілінен екі топпен бірге жалпы лекцияларда үлкен залда бірігіп тыңдаймыз. Бірінші курстың соңында студенттер арасында ғылыми тақырыптардан зерттеу мақала жазудан байқау ұйымдастырылады екен, Берікбай ағай соған қатысу үшін маған бір тақырып ал деді. Мен қазақ сөзінің шығу төркіні туралы жазайын дедім, ол кісі келісті. Сол мақаланы жазып, студенттер арасында бірінші орынға арналған дипломмен марапатталдым. Бұл тұңғыш ғылыми жұмыс еді. Ол жұмыста казак сөзіне қатысты орыс ғалымдарының және Т.Жанұзақов пен Ә.Қайдаров секілді көптеген ғалымдардың мақалаларына сілтеме жасау да қамтылған болатын. Кейін осы жұмысты дамытып «Жұлдыз» журналына апардым. Онда ғылымға қатысты бөлімді Ә.Меңдеке басқарады екен, сол алып қалды, бірақ ол мақала жарияланбады. Дегенмен оқуды бітіргеннен кейін Ғылым Академиясының Тіл білімі институтына жұмысқа тұруға бұл мақаланың көмегі тиді. Оны институт директоры Ә. Қайдар оқып көріп: – Ішінде дәні бар екен – деп жұмысқа қабылдаған-ды.

**-Алғашқы ғылыми жұмыс – диплом жұмысына тоқталсаңыз?**

-Біздің топтың бір артықшылығы оқуды бітірген соң «араб тілі және қазақ тілі мен әдебиетінің оқытушысы» деген қос мамандықты алатындығымыз болды. Біраз сабақтар қазақ тіліне, оның тарихына қатысты болып, көп мәлімет алдық. Осыған орай орта ғасырлардағы жазба ескерткіштерге қатысты Қожа Ахмет Ясауидың «Хикметтерімен» танысудың мүмкіндігі болды. Бұл есім біздің бала кезімізден есте жатталып қалғандықтан, оған көп мән бере оқу ойда болды. Сондықтан да оқу бітірерде диплом жұмысының тақырыбы етіп, хикметтердің тілін алуға шешім қабылдадым. Оған жетекші етіп Берікбай ағайды алмақшы болып жүрдім. Кафедра меңгерушіміз доцент Ә.Дербісәлі тақырыпты естіді де, жетекшілікке өзін қойды.

Оның зерттеу бағыты әдебиет саласы болатын, ал мен тілді зерттеуге бейімделіп, қалыптасып та қойған едім. Осылайша диплом тақырыбы тек тілдік талдау болмай, оған әдеби талдау да қосымша жүктелді. Орталық кітапханадан хикметтердің Стамбул, Қазан және Ташкент нұсқаларын қарап зерттеу жүргіздім. Осылай «Диуани хикметтің» басында жазылған сопылық ілімнің шарифат, тариқат, мағрифат, ақиқат атты төрт баспалдағымен таныстым. Ең соңғы ақиқат кезеңінде Алла тағаламен бірігу, қауышу әрекеті іске асатынын білдім.

Диплом жұмысы үлкен ғылыми жұмыстың басы болды. Тілдік ерекшеліктері бойынша хикметтердегі араб сөздерінің картотекасын жасадым, сол бойынша сөздік түзіп, хикметтерден мысалдар келтірдім. Екінші бөлігі әдеби талдауға арналды. Осылайша Қожа Ахмет Ясауидың «Диуани хикмет» атты еңбегі менің алдағы зерттеу жұмыстарымның да негізгісі болады деп шешкен болатынмын. 1989 жылы университетті бітіріп, жолдаманы Қарағанды университетіне алдым. Бірақ онда істегім келмеді. Олар да мен сияқты маманға онша зәрулік танытпай, олардан «маман қажет емес» деген қағаз алдым да, Алматыға қайтып оралдым.

**-Жаңа жұмыс орныңыз, ары қарайғы ғылыми жұмыстарыңыз қалай бағытталды?**

-Соңғы курста синтаксистен Ғылым Академиясы Тіл білімі ғылыми-зерттеу институтында қызмет істейтін қазақ тілі синтаксистің маманы, филология ғылымдарының докторы Қайырболат Есенов ағай сабақ берген болатын. Алматыға келген соң сол кісіге жолығып, ол кісімен бірге институттың директоры Ә. Қайдарға кіріп, жұмысқа орналасуға рұқсат алып шықтық. Қайырболат ағай грамматика бөлімінің меңгерушісі еді. Мені өзінің бөліміне аға лаборант етіп жұмысқа қабылдады. Оның тақырыбы күрделенген сөйлемдер жайында болатын. Бұл тақырып орыс тіліндегі «осложненное предложение» тіркесінің аудармасы, әрі сол тілдегі ерекшеліктің тікелей нұсқасы болды. Ол кісі маған сол тақырыпты кандидаттық жұмыс ретінде ұсынды. Мен ол тақырыпты логикалық тұрғыдан қабылдай алмадым. Осылай тақырып көңілге қонбай, бөлімнің қабылдаған тақырыбына қатысты жұмыстарды атқарумен бес жыл өтті. Бұл жылдары әлеуметтік салаға қатысты мақалалар жарияладым. Алғашқы мақалам «Ақ кенттер алқасы» аталып, 1990 жылы күзде «Ана тілі» газетіне жарияланды. Онда қазақ жеріндегі жер-су



атауларының орысша аталып кетуіне қарсылық пікір білдірдім және ақ сөзінен басталатын қалалар атаулары қалпына келтірілсе деген тілек болды. Осылай көңілдегі тақырып табылмай әр түрлі әлеуметтік салаға қатысты бірнеше мақала газеттерде жарияланды. Бұдан бұрын А. Ясауидың хикметтері негізінде зерттеу жүргізсем, оған Берікбай Сағындықовты немесе Әрсен Ибатовты жетекшілікке алсам деген ойға Қ.Есеновтің ниеті қарсы келіп, ол ой жүзеге аспады.

Грамматика бөлімінің қасында «Тіл тарихы» бөлімі орналасқан болатын, меңгерушісі жас доктор Ерден Қажыбековке кіріп, Қожа Ахмет Ясауи туралы, оны өзбектер иеленіп «Әлем әдебиеті» жинағына өзбек ақыны етіп енгізгені жайында әңгімеледім. Ол қалай өзбек ақыны болады, туып-өскен мекені Түркістан қаласы болса, қайтыс болған жерінде оған арналған кесенесі тұрса, айналасындағы ғана емес, бүкіл қазақтар оны өзіміздің әулиеміз деп санаса деген ойларды айттым. А.Ясауиды кеш болмай тұрғанда, қалайда өз ақынымыз деп ен тағатындай іс-шара жасауымыз керек дедім.

Ол осыны естісімен-ақ жедел іске кірісе бастады. Жан-жақтағы А.Ясауидың хикметтерін аударушылар туралы хабарласып, олардың аудармасының қай деңгейде екеніне тексеру жұмысын жүргізді. Соның бірін оқуға маған да берді, ол аударма менде әлі де сақтаулы. Сөйтіп, осылай дайындық жүргізген соң Түркістанда Қожа Ахмет Ясауидың шығармашылығы және оның қазақ еліне қатыстылығы жайындағы симпозиум ұйымдастырды. Бұл симпозиум Түркістан қаласындағы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің іргетасын қалаудағы ең алғашқы шара болды. Біз оның еңбегін жоққа шығармаймыз, алайда қазақ өркениеті тарихындағы Қ.А.Ясауидың орнын айқындау және оны түпкілікті қалыптастыру ой-идеясының авторы туралы айтқанда әділеттілікке жол беруі қажет еді. Ол олай жасаған жоқ, әділетсіздікке тізгін ұстатты. Ол 2013 жылы Түркістанда өткен V халықаралық түркологиялық конгресте сөйлеген баяндамасының ауызша кіріспе сөзінде Қ.А.Ясауиге қатысты алғашқы симпозиумды өзі ұйымдастырғаны туралы айтты. Егер ол әділетті болса, сол сөзінде А.Ясауи туралы ой-идеяны кім ұсынғаны туралы да айтып өтуі керек еді. Ол оны айтқан жоқ. Яғни, ол ой-идеяны да өзіне сіңіруге әрекет жасағаны байқалды.

**-Ғылыми бағытыңыздың басындағы зерттеу жұмысыңыз Есік жазуын оқуыңыз қалай басталды. Сол туралы айтып өтсеңіз.**

-Осылай ғылыми бағыт, тақырып мәселесі тұйыққа тіреліп жүрген кезде журналист-зерттеуші Әбілхан Әбіласан 1993 жылы «Ана



айқындалды. Онда неге зерттеп көрмеске деген оймен «Бисмиллаһи р-Рахмани р-Рахим» деп бір Аллаға сыйынып зерттеуге кірісіп кеттім.

Бұл 1993 жылдың маусым-шілде айлары, пәтер жалдап тұратын кез болатын. Пәтерім бұрынғы Ленинская смена, қазіргі Ақан сері көшесінде еді. Мен оқыған Есік жазуының алғашқы оқылымы былай еді: **13 іЛ еР Чың еЛ еС Ті ІТ: Баш ТоҚ еДГү, ЙЕР – СуБ АС СеЛ ІТ, іЧ ТӨК.**

Аудармасы: Із елінің ері Шың: “Ел, есіт, еске сақта, - деді (тура мағынасы: айту етті) – Бас біріктіру игі, [сонда] Жер-Су жейтін асынды сел етер, ішер суынды төгер”.

Осындағы оқылған СЕЛ сөзіне байланысты бір ерекше және қызық жағдай болды. Осы жазулар оқылып, мағынасы айқындалған күні түс мезгілінде дүкеннен азық-түлік әкеле қояйын деп шықтым, ешқандай қалың бұлт жоқ болатын. Дүкеннен сатып алған затымды алып жаяу жолмен келе жатқанда нөсер жауын құйды да кетті. Лезде сел-жаңбыр айналаны түгел жуып кетті. Менің үстімдегі киімім суға сүңгіп шыққандай су болды. Мен бұл оқиғаға таң қалып, Алла тағаланың бр хикметі ғой деп тұжырымдадым. Есік жазуы туралы зерттеу жұмысы бұнымен тоқтап қалған жоқ. Археология институтына барып директоры профессор Карл Байпақовпен кездесіп, күміс кесені өзін қолыммен ұстап, лупамен де, сол институттың телескобымен де зерттеу жүргіздім.


Геология ғылымының мамандарымен бірге күміс ыдысты МБС-І микроскопымен көрдік. Мен бұдан бұрын да микроскоппен жоғарғы тармақ бойынша **айқыш** **×** белгіні көрген едім. Олар да айқыш белгіні байқады.

Микроскоппен көргендегі ең үлкен олжамыз Күнгей Алатауы мен Іле Алатауының балама белгісі айқыш **×** сызықтарды байқауымыз болды. Көзбен көргенде ыдыстағы жазулар анық көрінсе, **тау белгісі-айқыш сызықтар** мүлде көрінбейді.

**-Есік жазуында Алматы қаласының маңының карталық кескіні бейнеленген бе ?**

- Есік обасынан табылған күміс кеселе қазіргі Алматы облысы, әсіресе, Ыстық көл мен Балқаш көлдерінің, Шелек және Шудың құмға тірелер жеріне дейінгі карталық бейнесі қамтылғаны айқын байқалады. Тармақтарды екі көлдің орналасуы бойынша атасақ, жоғарғысын **“Ыстық көл” тармағы**, төменгісін **“Балқаш” тармағы** деп атаймыз. Ал жер бедеріне қарай жоғарғысы **“Баш тоқ” тармағы** деп аталады,

Яғни *баш* сөзінің ежелгі мағынасы шың мәнін білдірген, бұл өзендердің басы шыңда тоғысады дегенді де білдірмек. Төменгісі “Йер-Суб” тармағы аталмақшы. Бұл атау сақтар қоныстанған төрткүл аумақ пен мал жайылымы болған Іле өзенінің бойын білдіреді.



Есік жазуы бойынша ең соңғы зерттеу 2009 жылы жарияланды. Ондағы жаңалық жазба VI ғасырдағы Александр Македонскийді қарсы алып, зор соққы берген бабамыз сақ қағаны Чунның өсиеті екенінің анықталуы болды. Бұрынғы зерттеушілердің оқулары және менің алғашқы оқуым жазбаның қол көшірмесіне негізделген еді. Ал соңғы оқуым А.Аманжоловтың («История и теория древнетюркского письма. Алматы, “Мектеп”, 2003) кітабындағы фотосурет арқылы нақты дәйектелді.

**-Талас өңірінен табылған Ашықтас жазуының оқылуы туралы зерттеу жұмыстары қалай болды?**

-Бұдан кейінгі қолға алған жазба ескерткіш Ашықтастан табылған таяқшадағы жазу болды. Ол 1994 жылы «Ана тілі» газетінде жарияланды. Ондағы оқиға бірнеше кісінің биік тау асуынан асып өткендегі бастан кешкен қиындықтары жайында болады.

1932 жылы 19 қарашада С.Е.Малов Ташкентте тұратын, кен-барлау жұмысы кезінде табылған мәдениет ескерткіштерін тізімдеуші болып қызмет атқарған М.Е.Массоннан хат алады. Хатта М.Е.Массон кен іздестіру-геологтар партиясының жұмыстары жүргізілген бір мезгілде Қырғызстандағы Талас өзенінің бойында Ашықтас деген жерден 5 метр тереңдіктен барлық жағында да көне түркі жазуы бар

төрт қырлы таяқша табылғаны баян етіледі. С.Е.Малов таяқшадағы жазуды көне түркі күлбізік әліппиінде оқыды, онда да тау асуынан асу оқиғасы баяндалады.

С.Е.Маловтың оқуы бойынша мәлім болған сөздерге зер салып қарағанда көктүрік күлбізік жазуында жиі кездесетін **Р, А, Ы** әріптерінің қолданылмағанын байқадық. Сонымен бірге ескерткіште **анча** болып оқылатын **𐰽** (28) таңба бар. Яғни, көне түркі жазуларында **анча** сөзі кездескен жерде **ерсер** көмекші етістігі қоса жүретіні белгілі жәйт. Сондықтан бұл таңбаның алдындағы 26, 27 таңбаларды еРСе деп оқыдық. Яғни, белгісіз 26-таңба **𐰽** Р дыбысын белгілейді деп шештік. Р әрпі анықталған соң тексті оқудың мүмкіндігі ашылды.

Бұның оқылуы да үш сатыдан тұрады. Екінші толықтыру 2006 жылы, үшіншісі 2016 жылдың аяғында жазылды. Үшіншісінде орыс тіліндегі ОКОП сөзі түркі тілінде қолданылған сөз екені анықталды. Бұл бұрын табиғи жарылудан болған сызық деп жүрген белгі **→** ОҚ таңбасы екені белгілі болған соң ашылды. Бұл таңба екінші толықтыруда анықталған көлденең түсірілген ОҚ таңбасымен бірдей, бірақ кейін оқылған таңба окопты бейнелеуге сәйкес жазылғандай ұзын болып бейнеленген.

#### **-Кандидаттық жұмысыңыз қалай айқындалды?**

-Осы жұмыстардан кейін болашақ зерттеу жұмыстарымның тақырыбы айқындалды. Мен енді Қ.Есеновтің ұсынған тақырыбынан бас тарттым да, көне түркі күлбізік (руна) жазба ескерткіштерін зерттеуге бет бұрдым.

1995 жылы филология ғылымдарының докторы, кандидаттық және докторлық тақырыптары тек көне түркі күлбізік жазба ескерткіштерін зерттеуге арналған ғалым Ғұбайдолла Айдаровпен сөйлесіп, кандидаттық тақырыпты айқындадық. Ол Күлтегін жазба ескерткішіндегі жай сөйлем синтаксисі туралы болатын болды. Синтаксис тақырыбы тіл біліміндегі ең қиын тақырып болатын. Сондықтан да көптеген ғалымдар зерттеу тақырыбын тіл білімінің оңай салаларынан алатын да, синтаксисті ғылым емес деп келеке қылуға тырысатын. Шындығында ғалымдардың барлығы да зерттеу жұмыстарын жазуда осы тіл білімінің қиын саласы синтаксистің арқасында жазып түсіндіретінін мойындамауға пейіл танытып, оны тіпті жоққа шығарғысы келіп, пікір таластырып жүретін. Мен өзім де синтаксистің негізі не деген мәселеде әлі бір тыңғылықты тұжырымға

келмеген болатынмын. Енді оны түбегейлі зерттеуге көңіл бөле бастадым.

Қазақ тіл білімі туралы еңбектердің бастауында тұрған ғалымдар бұрын қалыптасып қойған орыс тіл білімінің қағидаларына сүйенді, қазақ тіл біліміндегі заңдылықтарды сол негізде қалыптастырды. Қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалым А.Байтұрсынұлы да өз зерттеулерін орыс тіл біліміндегі жүйеге сай түзді. Алайда ол қазақ тіл білімінің жеке өзіне қатысты ерекшеліктерді анықтауда тіл табиғатының заңдылығын дұрыс түсініп, тура белгілегенін атап көрсетеміз. Орыс тіл білімінде синтаксис туралы зерттеулерде жоғары дәрежедегі тілдік тұжырымдарды қалыптастырған ғалым В.В.Виноградов екені мәлім. Ол жай сөйлем синтаксисінің нақты белгісі предикаттылықтың негізгі мәнін айқындап, оны шақтық, модальдылық және жақтық сияқты синтаксистік категориялардан құралған жалпы категория деп белгілейді. Менің кандидаттық жұмысымда осы мәселелерді анықтау және синтаксистің негізгі мәнін тұжырымдауға арнайы тарау арналды. Сондай-ақ жұмыста жай сөйлемнің бұрын хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, лепті сөйлем болып аталып жүрген сөйлемдер танықты сөйлем мен танықсыз сөйлемнің реңктік салалары ретінде алғаш рет теориялық тұрғыда сараланды. Сонымен бірге Күлтегін ескерткішінің мәтініндегі сөйлем типтері анықталып, нақты мысалдармен дәйектелді. Осы кандидаттық жұмыс 2005 жылы «Күлтегін ескерткіші және жай сөйлемнің теориялық мәселелері» деген атпен кітап болып басылып шықты. Кітапқа жоғарыда айтылған ой-тұжырымдарға қосымша Күлтегін ескерткішінің текстологиялық және лексикографиялық мәселелері туралы зерттеу қосылды.

1997 жылы шілде айының басында сол кездегі мәдениет министрі Иманғали Тасмағамбетовтің басқаруымен Монғолияға іссапармен барып келдім. Іссапардың мақсаты Күлтегін, Білге қаған және Тойнұқұқ жазба ескерткіштерін көріп қайту және Монғолия үкіметімен мәдени-ғылыми бағытта қарым-қатынас жасау жөнінде келісім жасау болды. Сапардан келген соң кандидаттық жұмыстың қалған бөлігін аяқтап, сол жылдың желтоқсанының жиырма бесінде Ғылым Академиясы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми диссертациялық кеңесінде қорғадым.

**-Бұрын «баш» болып оқылып жүрген таңбаның мағынасы қалай ашылды?**

-Бұл таңбаның оқылу сыры туралы мәліметті біз С.Е.Малов еңбектерінен табамыз. Алғашында В.Томсен мен В.В.Радлов осы белгісіз таңбалы сөзді «баш» деп жорамалмен, жалпы контекстік мәніне сай **асу, шың** деген мағынасымен аударған сияқты. Яғни, ол «Ыбар асуынан астық» деп аударғаны байқалады. Нақты айтқанда, «Ыбар» деген сөзді шыңның аты деп түсінсе керек. Ал «Ыбар» сөзін «өсімдігі бар» деп түсіндірген В.Бангтың аудармасын С.Е.Малов сәтті аударма деп бағалайды. Алайда «баш» идеограммасына «әлі де болжам» деп күдік келтіргені тегін емес еді.

Осындай күмәнділік әсерінен болуы керек белгілі түркітанушы ғалым А.С.Аманжолов та осы *баш* аудармасына қарсылық білдіріп, өз ұсынысын жасайды. Ғалым таңбаға **РТ** деген бірігіңкі дауыссыз дыбыстарының мағынасын алуды ұсынады.

Осы жұмыстардың негізінде алдағы көлемді зерттеу жұмыстарымның сұлбасы да айқындалды. Бұл жалпы көне түркі күлбізیک жазба ескерткіштеріндегі әлі белгісіз, өз зерттеуін күтіп жатқан мәселелер болатын. Солардың бірі бұрын **𐰇** баш болып оқылып жүрген таңбаның **ЛЧ** болып оқылуы жайында еді. Осы таңба арқылы Тойнұққұқ жазба ескерткішіндегі **Ы БАР БАШ** болып оқылып жүрген сөз **ЫБЫРЛЧА** болып оқылды. Бұл қазақ тіліндегі *ыбылжы* сөзінің түпкі қолданысы еді.

Тойнұққұқ ескерткішіндегі мағынасы ашылмаған таңбаның дыбыстық мағынасы **ЛЧ** бірігіңкі дауыссыздар тіркесімі екені тіліміздегі түбірлес сөздердің дыбыстық сәйкестіктері, мағыналары арқылы анықталды. Тілімізде соңғы дыбыстары **лж** дауыссыздарымен аяқталатын сөздер өте көп болмаса да біршама кездеседі. Оларға мысал ретінде мына сөздерді келтірейік: **тамылжы, күмілжі, кобалжы, алжы, уылжы** т.б.

Тойнұққұқ ескерткішіндегі белгісіз таңбасы бар үзіндінің дұрыс оқылуының транскрипциясы мен аудармасы:

Транскрипциясы:

Ақ Термел кече оғрақлатдым, ат үзе бінтіре қарығ сөкдім, йоқарұ ат йете, йадағын, ығач тұтұнұ ағтұртұм. Өңрекі ер йоғарұ тегіріп, **ыбырЛЧа** асдымыз, йобалұ інтіміз.

Аудармасы:

Ақ Термелден өте мен ауыр қосынға артта қалуға бұйрық бердім. (Басқамыз, жеңіл әскер және мен,) аттың үстін жабатын

*қарды бұздым. Жоғары атты жетектеп, жаяу, ағаш пайдаланып шығардым. Алдағы ер жоғарыға жетіп, абыржып, ыбылжып, ұбырып-шұбырып, азаптанып астық, қиналып түстік.*

Осы анықталған таңба арқылы бұрын өз мәнінде оқылмай келген сөздер түпкі мәндерімен оқылып, мәтіннің дұрыс оқылуына қол жетті.

Академияның Тіл білімі институтында әрбір бөлім үш жылға дейінгі уақытқа белгіленген тақырыппен жұмыс істейтін. Сол тақырыптарға қатысып өзіме бөлінген салалар бойынша жұмыстар жаздым. Олар 1997-2000 жылдары орындалған «Қазақ грамматикасы» атты нормативтік грамматика тақырыбына жазылған еңбектер болды. Бұл кітапта мен «Жай сөйлем туралы түсінік», «Жай сөйлемнің құралымдық ұйысымы», «Жай сөйлемнің тұрлаулы мүшелері», «Бастауыш», «Жай сөйлемнің үйірлі мүшелері», «Жай сөйлемнің бірыңғай мүшелері», «Жай сөйлемнің типтері», «Екі негізді жай сөйлемдер» атты тақырыптарды жаздым. Бұл еңбек 2002 жылы кітап болып басылып шықты. Бұлар 2000 жылдың аяғына дейін Ғылым Академиясы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында орындалған жұмыстар болатын.

Тіл білімі институтында көптеген атақты ғалымдар жұмыс істеді. Олар академиктер Ә.Қайдар, Ш.Сарыбаев, Р.Сыздықова, филология ғылымдарының докторлары Ә.Нұрмағамбетов, С.Омарбеков, Ә.Әбдірахманов, Е.Жанпейісов, О.Нақысбеков тәрізді ғалымдар еді. Сол ғалымдармен қатар жұмыс істеп, олардан ұлағатты тәлім-тәрбие алып, ғылыми ізденістерде солардай болуға тырыстық.

**-ОҚА университеті Түркістан филиалында жүргізген зерттеулеріңізге тоқталсаңыз.**

-2001 жылы Тіл білімі институтынан жұмыстан босанып, туған жерде жаңадан құрылған жоғары оқу орындарында қызмет істеу үшін Түркістан қаласына қоныс аудардым. Алғашқыда бір жыл Оңтүстік Қазақстан облысы Ашық Университетінің Түркістандағы филиалында филология факультеті деканының орынбасары, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқардым. Осы жылы бұрын мағынасы белгісіз болып әр түрлі, бірде Қ, бірде Ті түрінде, оқылып келген таңбаның **ᠰ**, **ᠴ** РТ болып оқылатыны жөніндегі зерттеу мақала жаздым.



Ж.Танауова. Алпыс үш жастың ғұмырлық мазмұны.

Е-49 (2) жазба ескерткішіндегі **❖** ЛЧ таңбасын ғалым А.С.Аманжолов **РТ** деп оқығаны жөнінде пікірімізді білдіргенбіз және тек ЛЧ таңбасына сәйкес сөйлемді ғана мысал ретінде келтірген едік. Қазір **❖** ЛЧ және **𐰋** РТ таңбалары қатар қолданылғандықтан ол тексті түгел ұсынамыз.

❖ 𐰋 𐰂 𐰃 𐰄 : 𐰅 𐰆 𐰇 𐰈 : 𐰉 𐰊 𐰋 𐰌 𐰍 𐰎 𐰏 𐰐 𐰑 𐰒 𐰓 𐰔 𐰕 𐰖 𐰗 𐰘 𐰙 𐰚 𐰛 𐰜 𐰝 𐰞 𐰟 𐰠 𐰡 𐰢 𐰣  
𐰤 𐰥 𐰦 𐰧 𐰨 𐰩 𐰪 𐰫 𐰬 𐰭 𐰮 𐰯 𐰰 𐰱 𐰲 𐰳 𐰴 𐰵 𐰶 𐰷 𐰸 𐰹 𐰺 𐰻 𐰼 𐰽 𐰾 𐰿  
𐰠 𐰡 𐰢 𐰣 𐰤 𐰥 𐰦 𐰧 𐰨 𐰩 𐰪 𐰫 𐰬 𐰭 𐰮 𐰯 𐰰 𐰱 𐰲 𐰳 𐰴 𐰵 𐰶 𐰷 𐰸 𐰹 𐰺 𐰻 𐰼 𐰽 𐰾 𐰿  
𐰠 𐰡 𐰢 𐰣 𐰤 𐰥 𐰦 𐰧 𐰨 𐰩 𐰪 𐰫 𐰬 𐰭 𐰮 𐰯 𐰰 𐰱 𐰲 𐰳 𐰴 𐰵 𐰶 𐰷 𐰸 𐰹 𐰺 𐰻 𐰼 𐰽 𐰾 𐰿

Транскрипциясы:

I С<sup>2</sup>іЗІМЕ Й<sup>2</sup>ҮЗ ҚаД<sup>1</sup>аШыМА аЛ<sup>1</sup>Т<sup>1</sup>Ы Б<sup>1</sup>ҮД<sup>1</sup>ҮН<sup>1</sup>ыМА  
С<sup>2</sup>іЗіМЕ ад<sup>1</sup>ыР<sup>1</sup>ыЛ<sup>1</sup>Т<sup>1</sup>ыМ

II еР<sup>2</sup> аТ<sup>1</sup>ыМ ҚыЛЧТ<sup>1</sup>ЫҚ ыН<sup>1</sup>ал<sup>1</sup> өГе Б<sup>2</sup>еН<sup>2</sup>  
Й<sup>2</sup>еТ<sup>2</sup>МІШ Й<sup>1</sup>ашыМД<sup>1</sup>А

III еР<sup>2</sup> еР<sup>2</sup>Д<sup>2</sup>еМі ЕКІ ЕЛ<sup>2</sup>іГ аТ<sup>1</sup> ҰРТҮМ Й<sup>1</sup>аҒыД<sup>1</sup>А  
ОТ<sup>1</sup>ҰЗ еР<sup>2</sup>іГ өЛ<sup>2</sup>ҮР<sup>2</sup>Д<sup>2</sup>іМ ЕС<sup>2</sup>Н<sup>2</sup>І

IV аЛ<sup>1</sup>Т<sup>1</sup>Ы Б<sup>1</sup>аҒ Б<sup>1</sup>ҮД<sup>1</sup>ҮН<sup>1</sup>ыМ КҮЧЛ<sup>2</sup>іГіН<sup>2</sup> ҮЧҮН<sup>2</sup>  
аР<sup>1</sup>ҚыРТ еЛ<sup>2</sup>Д<sup>2</sup>е Т<sup>1</sup>ашыН<sup>2</sup> Б<sup>1</sup>ыНТА іТ<sup>2</sup>ЕТ<sup>2</sup>І

Аудармасы:

I ... Жүз ағайын-туғанымнан алты халқымнан (тайпамнан)  
айрылдым (ажырадым).

II Ер атым Қылыштық Ынал өге мен жетпіс жасымда

III ердің ерлік даңқына сай [соғыста] қырық екі **атты соққыға жықтым**. Жаудың отыз ерін өлтірдім. Еске алындар.

IV Алты тайпалы халқымның күштілігі, күшеюі үшін. [Өзі] **Арқырт** елінде [жасады]. Тасын мұнда тұрғызды.

**-Күрделі графемалар қалай оқылды?**

-Көне түркі күлбізік әліппііндегі кейбір әріптердің оқылмау себебі таңбалардың ескіріп өшуге айналуы болса, тағы бір себебі әріптердің **күрделі графема**, яғни, лигатура арқылы жазылуы болып саналады. Көне түркі ескерткіштеріндегі таңбалардың бұлай жазылуы еуропалық бөліктегі ескерткіштерде кездескен еді, ол туралы пікір білдіріп, **тұңғыш ашқан С.Я.Байчоров** болатын. Біздіңше лигатура




жұмыс істеп жүріп, 2004-2005 оқу жылында «Араб-қытай тілдері» кафедрасының меңгерушісі болып та қызмет атқардым.

А.Ясауи университетінде істеген жылдар ғылыми тұрғыдан өте өнімді қызмет жылдары болды, өйткені зерттеу жұмыстарымның көбі Түркология ғылыми-зерттеу институтында қызмет істеген уақыттарда атқарылды. Бұрын мағынасы белгісіз болып келген мына  $\diamond$ ,  $\diamond$ ,  $\text{✠}$ ,  $\text{✠}$ ,  $\text{✠}$ ,  $\text{✠}$ ,  $\text{✠}$ ,  $\text{✠}$  таңбалардың мағынасы **нқ** (**нғ**, **нқ-нғ**), **ңқ** (**ңғ**, **ңқ-ңғ**) болып оқылатыны туралы зерттеуім 2002 жылы, осы университетте алғаш ашылған «Түркология» журналының бірінші нөмірінде және осы жылы тұңғыш рет өткізілген I Халықаралық түркологиялық конгресс материалында жарияланды. Бұлардың ішіндегі мына таңба  $\diamond$  Ш, мына таңба  $\text{✠}$  НТ және  $\text{✠}$  болып оқылып жүрген болатын. Орқұн ескерткіштерінде кездесетін:  $\text{☉}$  Чүни сеңүніг *Чүни сеңүнді* (Тон., 9),  $\text{☉}$  Чача сеңүнке *Чача сеңүнге* (КТҮ 32)  $\text{☉}$  Ұдар сеңүн (КТҮ 52) секілді тіркестердегі сеңүн сөзін С.Е Малов қытай сөзі (tsiang Kiun) деп береді де, орысша *сенгун* деп транскрипциялайды. Сөздік анықтамасында “имя китайского генерала” деп *сенгун* сөзінің аудармасын *генерал* дегенін байқаймыз. Енесей ескерткіштерінде  $\text{☉}$  (Е - 48) *саңун* түрінде жуан болып дыбысталғаны мәлім. М.Томанов **ң** дыбысы туралы: “Түркі тілдерінің тарихын зерттеушілердің көпшілігі-ақ сөз ортасында айтылатын **ң** дыбысын **нғ** (кейде **нғ**) дыбыс тіркесінің жаңа көрінісі, соның фонетикалық ықпалдасуының нәтижесі деп қарайды” дейді. Сондай-ақ, М.Рясяненнің монғол тілдері (**нғ**) мен түркі тілдерінің (**н**) арасындағы сәйкестікті көрсеткенін айтады.

Мысалы, қазақ тіліндегі қоңыр сөзі монғол тілінде *қонгур* болып дыбысталатынын көрсеткен. Бұлармен қатар И.А.Батмановтың енесей жазбалары тілінде **ң** (**нғ**, **нғ**) дыбысының жіктеле бастауы болған деген пікірін келтіреді. Яғни, И.А.Батмановтың ойынша ескерткіштер тілінде **-ңыз**, **-ғыз** қосымшаларының қатар қолданылуы соның дәлелі. Бұл пікірді біз де қолдаймыз.

НҚ таңбасы қолданылған жазулардың бірі – Батыс Қазақстаннан табылған **Маңғыстау жазуы**. Синтас Сенек ауылынан Қызылсайға бара жатқан жолдың орта шамасында, жолдан батысқа қарай қиыстау жерге орналасқан екен. Тас аса қатты тас емес орташа қаттыға жататын құм (қайрақ) тас болса керек (көрушілердің айтуы бойынша орысша *песчаник* аталады). Биіктігі 2,5-3 м жұмыр, баған тас.

Жазу тас бағанның жоғарғы жағында көне түркі әліппімен, ірі етіп, терең ойылып жазылған. Үш таңбадан тұрады:



Транскрипциясы: **Қа НҚ еЛі**  
Аудармасы: **Қаңлы елі** (тура мағынасы : **Қаңқ елі**)

**-2005-2006 жылдардағы докторантура кезіндегі зерттеулер қалай болды?**

-2005 жылы жоғарыда айтылған кандидаттық жұмыс дайындалып, қосымша Күлтегін ескерткішіне текстологиялық және лексикографиялық зерттеулер қосылып университет баспасынан басылып шықты. Осы жылдары Білім және ғылым министрлігі докторлық жұмыс жазуға арнайы стипендия бөлді. Сол стипендияға мен де ілініп, бұрынғы зерттеулерді «Көне түркі күлбіздік жазба ескерткіштері тілінің семиотикалық негіздері» тақырыбымен докторлық диссертацияға біріктірдім. Соңғы тарауына Күлтегін жазба ескерткішінің текстологиялық және лексикографиялық зерттеулері енгізілді. Бірақ бұл жұмысты қорғаудың сәті түспеді. Негізгі қарсылық орыс тілді түрколог А.Аманжоловтың докторлық дәрежесі тарапынан туды.

2006 жылы мағынасы бұрын дұрыс оқылмай жүрген мына **Э, Э** таңбаның мағынасы **ЙН** болып оқылатыны ашылып, II Халықаралық түркологиялық конгресс материалында жарияланды.

Бұл таңба арқылы Тойнұққұқ ескерткішінде осы антропоним 12 рет (Тон 1, 5, 6, 15, 17, 34, 37, 47, 58, 59, 61) жазылған. Он бірінде атау септігінде тұр да, он екіншісінде (Тон 31) барыс септігінде “Білге Тойнұққұқа баңа”, *Дана Тойнұққұқа, маған* болып қолданылған. Сондай-ақ осы кісі есімі Күлі Чор ескерткішінде екі рет және Білге қаған ескерткішінде белгілі әріптермен бір рет **↓↓D>>⚡** Тонйүкқұқ болып таңбаланған. Осыған орай С.Е.Малов **Э** бұл таңбаны **н** дыбысының ерекше бір реңкі деп **н•** әрпінің үстіне ирек белгі қойып таңбалаған. Ал Н.Оркун бұл таңба **и**, Ғ.Айдаров **ни** болып оқылады деп шешкен. Х.Н.Оркун осы таңбаны В.Томсен **и** деп оқығанын келтіреді.

Бұл таңба арқылы жазылған Тойнұққұқ кісі есімінен басқа орқұн ескерткіштерінің өзінде сегіз сөз бар. Енесей ескерткіштерінде алты сөз қолданылған, оның екеуі етістік сөздер. Осы сөздерді салыстыра

зерттей келе біз бұл таңбаның мағынасы **ЙН** бірігіңкі дауыссыздары болып оқылатынын анықтадық. Сонда Тойнұққұқ сөзінің бірінші бөлігі **тон** емес **тойн** деген сөз болып шықты. С.Е.Малов бұл сөздің мағынасын духовное лицо деп көрсеткен. Академик В.В.Бартольд **тойын** сөзін М.Қашқари будда дініндегі ұйғырлардың діни басшысы ретінде түсіндіргенін және бұл сөз монғолдарға **ном** (діни кітап) сөзімен бірге ұйғырлардан өткенін XIII ғ. авторы Жувейнидің жазғанын ескертеді. Жувейни бұл сөзді қытай сөзі деп есептеген дейді академик В.В.Бартольд. М.Қашқари **тойын** сөзіне мынадай түсіндірме береді: “Тойын – ислам дініне кірмегендердің дінбасы. Ол біздің имам мен муфтилерге тең. Тойын әрқашан пұтхананың алдында тұрып, кітаптан кәпірлердің үкімін оқиды. Олардың күпірлігінен құдай сақтасын!”. М.Қашқари **тойын** туралы өз заманының екі мақалын жазған: 1) Бір тойын башы ағырса, Қамуғ тойын башы ағырмас ‘Бір тойынның басы ауырса, Барлық тойынның басы ауырмас’; 2) Тойын табуғсақ, Тәңрі сәфінчсіз – ‘Тойын (күнде) табынар, Тәңірдің (онда) шаруасы жоқ’. Келтірілген мысалдардан М.Қашқаридың өз заманындағы мұсылман емес, яғни, кәпір буддашылардың дінбасысын **тойын** деп атағаны туралы пікірін көре аламыз. Ол түркілердің шаман, қамдары немесе билеушілері тойын аталғаны туралы пікір білдірмейді. Алайда якут-саха тілінде **тойон** сөзі – *билеуші, бек, мырза* т. б. мағыналарымен сақталған.

#### **-2007-2009 жылдарда қандай зерттеулер жазылды?**

-Бұл жылдарда «Түркі әлемінің тарихи тұлғалары» атты кітап бойынша Мөде – Мардан шаньюй, Бумын қаған, Ілтеріс-Құтлығ қаған, Білге Тойнұққұқ Бойла Баға Тарқан, Білге қаған тақырыптарына арналған мақалалар жазылды. Бұл еңбек ағылшын тіліне аударылып университет баспасынан басылып шықты.

Оңтүстік Қазақстан аймағын археологиялық тұрғыдан зерттеу А.Н. Бернштам, Ә.Х. Марғұлан, Е.И. Агеева, Г.И. Пацевичтерден бастау алады. Біздің еңбегімізге негіз болған жазба Арыс өзенінің бойынан табылып жарияланған археолог-ғалым Александр Николаевич Подушкиннің «Арысская культура Южного Казахстана» және «Новые памятники письменной культуры Южного Казахстана» атты зерттеу жұмыстары.

Солардың бірі Күлтөбе – 4 жазуы жеті жолға жазылған. Таңбалар алдымен шикі кірпішке батырылып түсірілген, содан соң арнайы күйдірілген. А.Н. Подушкиннің Арыс өзені бойындағы

Күлтөбе қала орнынан тапқан, жазу жазылған, күйдірілген кірпіштері тек қана Қазақстан ғана емес, бүкіл әлемдік мәдениетке қосылған құнды жәдігер болып табылады. Аталған еңбегінде ол қаратөбе этабына жататын екі кірпіш сынығын келтіреді. Кіші сынығында 26, ал үлкен кірпіш сынығында 30 таңба бар дейді. Ғалым бұларды 1992 жылы тапқан. Арыс-Күлтөбе жазуларының жалпы саны – 7. Жоғарыдағы екеуінен басқалары 2005 жылы табылған. Біз бұл жазба ескерткіш таңбаларының көне түркі күлбіздік әліппііне жататынын анықтадық. Біздің де алғашқы оқығанымыз **ТӘҢІРІ** сөзі болды.

Көне түркі жазба ескерткіштерінің жаратылу кезеңі тек VIII ғасырмен шектелмейді. Ең көне ескерткіш Есік обасынан табылған б.д.д. V ғасырда өмір сүрген сақ тайпаларының жазуы. Бұл жазудың таңбалары көне түркі күлбіздік жазба ескерткіштерінің таңбаларымен толық сәйкес келетіні қазір біздің зерттеулерімізбен толық дәлелденді. Бұл кезеңге жататын екінші ескерткіш – Жамбыл облысы Мерке ауданынан табылған Шу-2 жазба ескерткіші. Ондағы ерекше таңбалар Есік жазуындағы ерекше таңбалармен палеографиялық тұрғыдан сәйкес келіп, дыбыстық мағыналарының дұрыс оқылғанын айғақтады. Ал Арыс-Күлтөбе жазулары Қаңлы мемлекеті өркениетінің жоғарғы деңгейдегі құнды айғағы. Қаңлы мемлекеті шамамен б.д.д. III – б.д. VI ғасырларында өмір сүрген. Мемлекеттің негізгі орталығы Арыс-Сыр-Қарашық өзендерінің аралығы, ұлттық-мемлекеттік діні тәңірілік дін болған. Ескерткіштегі ерекше таңбалар көне түркі күлбіздік жазба ескерткіштерінде кездеспеген, оны толықтыратын таңбалар болып табылады. Тілдік тұрғыдан алғанда ескерткіш түркі тілдерінің көне дәуірдегі сипатын фонетикалық, лексикалық және грамматикалық тұрғыдан толықтыратын құнды жәдігер саналады. Мазмұны жағынан ежелгі қазақ тарихы мен дүниетанымы туралы беретін мәліметі де аса құнды жәдігер. Жазба ескерткіш түркі жазуы тарихындағы ақтаңдақтарды жойып, көне түркі күлбіздік жазуының б.д.д. V ғасырдан б.д. VIII ғасырына дейінгі тізбегін толықтырып тұтастандырады.

**-Соңғы кездерде жазылған еңбектерге тоқталсаңыз?**

-Түрік этнонимі алғаш рет халық, ел атауы ретінде Күлтегін жазба ескерткішінде жазылып қалғаны, оны В.Томсен оқып, дүние жүзіне жария еткені мәлім. Дәл осы сөздің және Күлтегін есімінің оқылуы В.Томсенге әлі белгісіз басқа әріп таңбаларының мағынасын ашуға үлкен көмек болды. В.Томсен өзіне белгілі, түркі тілдеріне тән әріп таңбаларының негізгілерін ашты, алайда ол аша алмаған таңбалар

да болды. Солардың бірі **ДЖ** кірігіңкі (аффрикат) дыбыстарының таңбалары еді. Бұл дыбыстар таңбаларының мағыналары біздің зерттеулеріміз арқылы ашылды. Ежелгі түркі тілдерінің дыбыстарына әріп-таңбалар белгілеп, жүйесін құрған тілші ғалым бабаларымыз бұл **ДЖ** дыбыстарын екі түрге, езулік және еріндік буындық таңбаларға бөліп, әрқайсысына бөлек әріптік белгілер арнаған.

Бұл дыбыс шындығында ашық **Ж** дыбысы емес, **Ч** дыбысы сияқты нағыз кірігіңкі дыбыс. Ежелгі дәуірде **ДЖ** дыбысы түркі халықтарында қолданылды ма деген сұраққа түркітанушы ғалымдардың арасында оның қолданылғандығы туралы дәйекті пікір білдірген ғалым А. Бернштам болған. Ол армян және араб жазбаларында және қазіргі зерттеушілер ұсынған фонетикалық нұсқаларда келтірілген *йабғұ // йабағұ, джабғұ // джабғу // джабағұ* сөздерін мысалға келтіреді. Ол сөз түркі қағандарының өкіл әкімі лауазымын білдірген. Сондай-ақ ол ежелгі грек авторларының *Джайық // Йайық* атауларын келтіргенін де атап өтеді. Е-16 ескерткішінде **Д** мына таңба арқылы жазылған Қ'аД'а**ДЖ**(Л'аР'ыМа), Б'а**ДЖ** сөздері жазылған. Жалпы **ДЖ** бірігіңкі дауыссыздары мен таңбасы туралы ең алғаш С.Я Байчоров еңбегінде сөз болған еді. Ол өз еңбегінде мына **Д** таңбаны **ДЖ**, **Ч** деп оқыған болатын. Бұл таңба Ашықтас жазуында да кездесті, біз оны А таңбасы деп оқығанбыз. Сондай-ақ осы таңба Талғар жазуында да ұшырасты, бұл да біздің оқуымызша **ДЖ** бірігіңкі дауыссызы мағынасында оқылды. Онда ЕК**еДЖ** (иіруші) сөзінде сөз соңында қолданылған еді.

#### **-Кірігіңкі еріндік буынды ДЖ таңбасы туралы зерттеулерге түсінік берсеңіз?**

-Қазақ тіліндегі **ДЖ** дыбысы және көне түркі күлбізік (руна) жазба ескерткіштеріндегі белгісіз езулік буынды екінші кірігіңкі дауыссыздардың мағынасы мен таңбасы жайында еңбек жазылып, жарияланды. Осы кірігіңкі дауыссыздардың еріндік нұсқасы да бар. Бұл нұсқа бүкіл әлемдік – әрі түркологиялық, әрі тарихи – жаңалықтың ашылуына себепкер болатын әріп таңбасы болып отыр. Өйткені бұл **ОДЖ**<sup>4</sup>, **ҰУДЖ**<sup>4</sup>, **ҮДЖ**<sup>4</sup> таңбасы Күлтегін үлкен жазуының бірінші жолында жазылған, бұрынғы зерттеушілер қате оқыған, Көктүрік қағанатын құрушы ұлы **Бумынның** ескерткіште жазылған шын аты **Б'ОДЖ**<sup>4</sup>**МаН**<sup>1</sup> екенін дәлелдейтін таңба. Алғашқы зерттеушілер бұл таңбаның нақты айырмашылығына назар





**Қ'ОЗҰҚ'Қ'ҰЛ' Қ'АҒАН' МӘУК'ҰН Қ'АҒАН' АР'С'Л'АН' Б'ЕГ  
Й'ҰҒҰР'ҰЧ Т'ОНҚ Б'ЕГ Қ'аҒаН' Т'еГ еР'2 Б'еГЛ'2еР'2 ОЛ'ҰР'Т'ЫМЫШ**

**Аудармасы:** Адам баласының үстінде ер, алып бабам Боджман қаған, асыл Істенмән джабғу, Қозұққұл қаған, Мәукүн қаған, Арыслан бег йұғұрұш, Тонқ бег қаған тектес ер бектер отырған.

Бұлардан тыс Ресей және Қырғызстан баспасөзінде жоғарыда айтылған тақырыптар орыс тіліне аударылып басылды. 2015-2016 жылдары орындалған университет бөлген гранттық «Орқун жазба ескерткіштеріндегі белгісіз жалаң және күрделі графемалардың мағынасының ашылуы» атты жоба бойынша «Түркі күлбізек жазба ескерткіштері тілінің семиотика-семантикалық негіздері» (2015), «Күлтегін жазба ескерткішінің жаңа қырлары» (2016) атты монографиялар басылып шықты.

**ЖАРИЯЛАНҒАН МАТЕРИАЛДАР ТІЗІМІ:**

**I. Монография**

1. **Күлтегін ескерткіші және жай сөйлемнің теориялық мәселелері.** Монография. Түркістан. 2005, 176 б.
2. **Түркі күлбізек жазба ескерткіштері тілінің семиотика-семантикалық негіздері.** Монография. Алматы, «Қазығұрт», 2015, 368 б.
3. **Күлтегін жазба ескерткішінің жаңа қырлары.** Түркістан, «Мырза», 2016, 78 б.

**II. Мақалалар мен баяндамалар**

**1990 ж.**

1. Ақ кенттер алқасы. «Ана тілі», 1990, 10. 11.

**1992 ж.**

2. Үрімі, үбірі, шүбірі болсақ қайтеді? «Ана тілі», 1992, 23. 01.
3. Астанада Шоқан көшесі бар ма? «Алматы ақшамы», 1992, 24. 07.
4. Тегімізге сілтейтін текесімдік жұрнақ. «Алматы ақшамы», 1992, 07. 10.
5. Команда атын «Жиделі Байсын» десек... «Спорт», 1992, 17. 10.

**1993 ж.**

6. Қазақ тілі түркі халықтарының ортақ тілі бола ала ма? «Ана тілі», 1993, 14. 10.
7. Елтаңба, әнұран тағы басқалары туралы. «Алматы ақшамы», 1993, қаңтар
8. **Күміс тостағандағы көне жазудың сыры.** «Ана тілі», 1993, 21. 11., 02. 12., 09. 12. № 47, 48, 49.
9. Қазіргі қазақ тіліндегі көсемшелердің ішкі ерекшеліктері. «ҚР ҰҒА Хабарлары», 1993, №3, 45-53-бб.

**1994 ж.**

10. **Ашықтас бітігінің құпиясы.** «Ана тілі», 1994, 02. 01.

11. **Қазақ атауы қалай шыққан** . «Ана тілі», 1994, 21. 04.
12. Паспорт - төлқұжат – ныспынама. «Ана тілі», 1994 , 28. 04.
- 13 . Сегіз ғасыр өмір сүрген сөз- ныспы. «Ана тілі», 1994, 18. 08.
14. Қазіргі қазақ тіліндегі үстеушелердің зерттелуі. « ҚР ҰҒА Хабарлары », 1994, № 6, 12-18-бб.

**1995 ж.**

15. **Әлемдегі ең көне карта**. «Ана тілі» 1995, 05. 10., № 38
16. Қазіргі қазақ тіліндегі үстеуше мәселесі. « ҚР ҰҒА Хабарлары», 1995, №2, 41-47-бб.

**1996 ж.**

17. **Күлтегін ескерткішіндегі жай сөйлемдердің құрылымдық типтері**. «ҚР ҰҒА Хабарлары», 1996, №3, 23-29-бб.
18. **Байырғы жазудың білгесі**. «Қазақ елі», 1996, 12. 07.
19. **Көненің көзі - өнеге сөзі**. «Егемен Қазақстан»,1996 , 22. 03.
20. Каспийдің суын жетелеп. «Егемен Қазақстан»,1996, 17. 10.
21. **Күлтегін ескерткішіндегі жай сөйлемдердің логикалық-грамматикалық типтері**. «Ізденіс» , 1996, №4, 13-18-бб.
22. **Түркі халықтарының рухани елтаңбасы**. «Қазақстан жоғары мектебі» , 1996, № 4, 48-54-бб.

**1997 ж.**

23. **Күлтегін ескерткішіндегі сапаланымның логикалық-мағыналық топтары**. Тілдік жүйе және құрылым, Алматы, 1997, 100-110-бб.
24. **Сапаланым-предикаттылық теориясы туралы ой-тұжырым**. «ҚР ҰҒА Хабарлары», 1997, №2, 30-40-бб.
25. **Жай сөйлемнің теориялық мәселелері және Күлтегін ескерткішіндегі ұйысымдық, типтік сипатталуы**. Кандидаттық жұмыстың авторефераты, Алматы, 1997, 30 б.

**1998 ж.**

26. Тұғыры биік тұлға. « ҚР ҰҒА Хабарлары», 1998, № 1, 72-73 б.
27. **Сөйлем негізі предикаттылық па, әлде интонация ма?** Профессор Н. Оралбаева және қазақ тілінің мәселелері. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор Н.О. Оралбаеваның 70 жасқа толуына арналған ғылыми конференцияның (14 мамыр, 1998) материалдары. Алматы, 1998,19-22-бб.
28. Абжад. Қазақ тілі (энциклопедия). Алматы, «ІДК-ТІРО», 1998, 10-б.
29. Араб жазуы. Қазақ тілі (энциклопедия). Алматы, «ІДК-ТІРО», 1998, 27-28-бб.
30. Жәдит. Қазақ тілі (энциклопедия). Алматы, «ІДК-ТІРО», 1998, 142-б.
31. Қадим оқуы. Қазақ тілі (энциклопедия). Алматы, «ІДК-ТІРО», 1998, 192-б.
32. Харакат. Қазақ тілі (энциклопедия). Алматы, «ІДК-ТІРО», 1998, 447-б.
33. Көсемше. Қазақ тілі (энциклопедия). Алматы, «ІДК-ТІРО», 1998, 185-186-бб.
34. **Ашықтас бітігіндегі бейтаныс таңбалардың мағынасы**. И. Юдинге арналған жинақ. Алматы, 1999, 176-181-бб.

**1999 ж.**

35. **Ахмет Байтұрсынұлы – данышпан көсем.** Ұлттық рухтың ұлы тіні. Алматы, 1999, 317-323-бб.

**2000 ж.**

36. **Көне түркі күл жазулы ескерткіштердегі белгісіз төртінші бірігіңкі дауыссыздардың дыбыстық мәні мен таңбасы.** Тіл деңгейлері және олардың өзара қатынасы. Алматы, 2000, 127-136-бб.
37. **Надыр жазуының мағынасы.** Н.Сауранбаев және қазақ тіл білімі. Алматы, 2000, 123-130-бб.

**2001 ж.**

38. **Есік обасынан табылған күміс кеседегі жазудың сыры.** Конф. матер. Қайнар университеті. Алматы, 2001, 325-329-бб.
39. **Значение рунической надписи, найденной в кургане «Иссык».** «Қайнар университетінің «Хабаршысы», 2001, № 3, С. 3-6.
40. **Көне арғын мемлекеті және оның жазуы.** Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер. Алматы, «Ғылым», 2001, 476-483-бб..
41. **Енесей ескерткіштеріндегі белгісіз бесінші бірігіңкі дауыссыздардың дыбыстық мағынасы мен таңбасы.** «Тілтаным», 2001, №2, 99-107-бб.
42. **Арғын этнонимінің шығу төркіні.** «ҰҒА Хабарлары», 2001, № 4, 39-49-б.

**2002 ж.**

43. Жай сөйлем туралы түсінік. Қазақ грамматикасы, Астана, «Астана-полиграфия», 2002, 627-629-бб.
44. Жай сөйлемнің құралымдық ұйысымы. Қазақ грамматикасы, Астана, «Астана-полиграфия», 2002, 630-б.
45. Жай сөйлемнің тұрлаулы мүшелері.. Қазақ грамматикасы, Астана, «Астана-полиграфия», 2002, 630-б.
46. Бастауыш. Қазақ грамматикасы. Астана, «Астана-полиграфия», 2002, 630-634-б.
47. Жай сөйлемнің үйірлі мүшелері. Қазақ грамматикасы, Астана, «Астана-полиграфия», 2002, 660-б.
48. Жай сөйлемнің бірыңғай мүшелері. Қазақ грамматикасы, Астана, «Астана-полиграфия», 2002, 661-664-б.
49. Жай сөйлемнің типтері. Қазақ грамматикасы, Астана, «Астана-полиграфия», 2002, 664-б.
50. Екі негізді жай сөйлемдер. Қазақ грамматикасы, Астана, «Астана-полиграфия», 2002, 676-б.
51. **Көне арғын мемлекеті және оның жазуы.** «Жұлдыз» , 2002, №9, 190-202-бб.
52. **Енесей ескерткіштеріндегі белгісіз алтыншы бірігіңкі дауыссыздардың дыбыстық мағынасы мен таңбасы.** «Түркология», 2002, № 1, 36-48-бб.
53. Науаи текті тілдің темір қалқаны. (Р. Бердібаевтің 75-жылдығына арналған) Қ.А.Иасауи атын. ХҚТУ-ң «Хабаршысы», 2002, № 6. 111-117-бб.
54. **Маңғыстау-Хун-Қаңлы жазуы.** I-Халық-қ түркологиялық конгресс мат-ры. Қазіргі заманғы түркология ғылымының өзекті мәселелері және алдағы міндеттері. Түркістан, 2002, 96-108-бб.

**2003 ж.**

55. **Маңғыстаудағы Сенек жазуы.** «Түркология», 2003, № 4. 3-14-бб.
56. **Көне түркі руникалық жазба ескерткіштері тілін зерттеудің көкейкесті аспектілері.** «Түркология», 2003, № 1, қаңтар-ақпан, 59-71-бб.
57. **Көне түркі жазбаларын зерттеудің қорытындылары және алдағы міндеттері.** «Түркология», 2003, № 1, қаңтар-ақпан, 122-124-бб., Ш. Ыбраев - Соавтор.

**2004 ж.**

58. **Көне түркі жазба ескерткіштердегі белгісіз *esiz*, *йыта* сөздерінің мағынасы.** Көне түркі жазуларының зерттелуі: бүгінгі мен болашағы. Астана, 2004, 70-78-бб.
59. **Маңғыстау-Хун-Қаңлы жазуы** // «Ақиқат», 2004, № 11, 79-87-бб., № 12, 68-77-бб.

**2005 ж.**

60. **Білге қаған** // Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ-дің «Хабаршысы», 2005, № 5, 11-16-бб.
61. **Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі белгісіз сегізінші бірігіңкі дауыссыздардың мағынасы мен таңбасы.** Көне түркі жазба ескерткіштері: жазу мәдениетінің бастаулары, тілдің даму құбылыстары. Хал. кон. мат. Алматы, «Информ А», 2005, 83-92-бб.
62. **Шу – 2 ескерткішінің мағынасы.** Қазақстанның ғылыми әлемі, 2005, № 2, 97-103-бб.

**2006 ж.**

63. **Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі белгісіз жетінші бірігіңкі дауыссыздардың мағынасы мен таңбасы** // Қазіргі заманғы түркология: теориясы, практикасы және алдағы міндеттері. II Халықаралық Түркология конгресі. Түркістан, «Тұран», 2006, 218-233-бб.
64. **Есік жазуының мағынасына қосымша жаңа дәлелдер мен түзетпелер.** «Хабаршы», Әл-Фараби ат. Қаз ҰУ. Филология сериясы. Алматы, 2006, № 1, 155-163-бб.
65. **Күміс тостағандағы тау белгісі.** Ғылымның шығып шыңына (Түрік халықтары әдебиеті тарихының өзекті мәселелері: өткені, бүгінгі және ертеңі. М. Мырзахметұлының 75 жасқа толуына арналған конференция материалдары), Тараз, «Сенім», 2006, 54-58-бб.
66. **Ашықтас бітігінің мағынасы.** Бүгінгі түркітану және оның даму бағыттары. I том. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы, Ал. Мем. ПИ бас., 2006, 66-78-бб.

**2008 ж.**

67. **Қанқ елінің жазуы. Күлтөбе – IV жазуы.** «Түркология», 2008, № 1-2, 3-31-бб.
68. **Күл әліпбиі – Қазақтың төл әліпбиі.** «Қазақстан-Заман», 2008, № 49-52, (желтоқсан).
69. **ЛЧ – четвертые слитные согласные в памятниках древнетюркской рунической письменности** // «Вестник Кыргызского национального университета им. Жусупа Баласагына», 2008, серия 1, выпуск 4, С. 103-106. (Кыргызстан).
70. **Значение Ачикташской надписи** // Түркологиялық жыйнақ I. Бишкек, 2008, 180-190- бб. (Кыргызстан).

**2009 ж.**

71. Белгісіз жаңа мағыналы таңбасы бар екі руникалық жазба ескерткіштің мәні – Кіт. Еуразияшылдық идеясы контексіндегі Қазақстан түркітануы: мәселелері мен болашағы. Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның мақалалары жинағы. 2009, 266-271-бб.
72. Ілияс ағамен жүздесу. Әкеге тағзым. Алматы, «Білім», 2009, 68-71-бб.
73. **Значение Иссыкского письма**. Тенишевские чтения – 2009 (Материалы тюркологического симпозиума). Казань, «Печатный двор», 2009, С. 33-46. (Россия).
74. Мөде – Мардан шанюй. Түркі әлемінің тарихи тұлғалары (ағылшын тілінде). Түркістан, 2009. 20-21-б. (0,3 б.т.)
75. Бумын қаған. Түркі әлемінің тарихи тұлғалары (ағылшын тілінде). Түркістан, 2009. 26-29-б. (0,4 б.т.)
76. Ілтеріс-Құтлығ қаған. Түркі әлемінің тарихи тұлғалары (ағылшын тілінде). Түркістан, 2009. 30-35-б. (0,7 б.т.)
77. Білге Тойнұқұқ Бойла Баға Тархан. Түркі әлемінің тарихи тұлғалары (ағылшын тілінде). Түркістан, 2009. 36-39-б. (0,5 б.т.)
78. Білге қаған. Түркі әлемінің тарихи тұлғалары (ағылшын тілінде). Түркістан, 2009. 40-44-б. (0,6 б.т.)
79. **Күлтөбе – IV жазуының мағынасы**. III Халықаралық Түркология конгресі. Бүгінгі түркологияның өзекті мәселелері мен келешегі (ортақ тіл, тарих және әліппе). Түркістан, 2009, 18–20 мамыр. 382-384-бб.
80. Бумын қаған. Қазақ мемлекеттілігі және түркі әлемінің тарихи, мәдени құндылықтары. Хал.ғыл.-практ.конф. материалдары. М. Әуезов ат. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті «Түркология» ғылыми-зерттеу орталығы, 18-20- мамыр, 1-т. Шымкент, 2009, 129–133-б. (0,3 б.т.)
81. **Күлтөбе – V жазуының мағынасы**. Алтаистика және түркологияны кешенді зерттеудің өзекті мәселелері. Халықаралық конгресс материалдары. Көкшетау Мем.универ. Алтаистика және түркология орталығының ұйымдастыруымен. (0,3 б.т.), 2009, 247-253-бб.
82. Тіл – елдің түп қазығы. Алтаистика және түркологияны кешенді зерттеудің өзекті мәселелері. Халықаралық конгресс материалдары. Көкшетау Мем.универ. Алтаистика және түркология орталығының ұйымдастыруымен. (0,4 б.т.), 2009, маусым (Академик Р.Бердібаев – соавтор). ІІбөлім. 2009, 20-27-бб.
83. Елдің түп қазығы тіліміздің төл емлесін түзетейік (0,4 б.т.) // «Ана тілі», 2009, № 27, 9-15 шілде (Академик Р.Бердібаев – соавтор).
84. **Арыс өзенінің бойынан табылған Күлтөбе – V жазуының құпиясы** // «Қазақстан-Заман», 2009, № 49 (10- желтоқсан).

**2010 ж.**

85. **Есік жазуына 2009 жылғы түзетпе және ондағы жаңа ұсақ жазудың мағынасы** // «Түркология», 2010, № 1-2, 3-35-бб.
86. **Есік жазуы ұлы сақ билеушісі Чуң қақанқтың мәңгі бітігі** // «Ана тілі», 2010, № 34-36, тамыз-қыркүйек.
87. Көктүрік қағанаты // «Жалын», 2010, № 12, 74-80-бб.

88. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі белгісіз сөздердің мағынасы. Хан Кененің қасиетті мұраты. 2010, 27-36-бб.
89. **Есік жазуындағы жаңадан табылған ұсақ жазудың мағынасы** // «Қазақстанның ғылыми әлемі», 2010, № 5, 13-20-бб.
90. **Значение Ачикташской надписи** // «Вестник Национальной Академии Наук РК» 2010, № 2, С. 87-93.
91. Білге Тойнұқұқ – Ілтеріс қағанның бас уәзірі және бас қолбасшысы // «Тілтаным», 2010, № 3, 53-61- бб.
92. **Күлтөбеден табылған қыш кітап сынықтарындағы қысқа жазулардың мағынасы.** «Жалпы тіл білімі және түркі тілдерінің өзекті мәселелері» атты ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. ҚР Мәдениет министрлігі Тіл комитеті және Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, 2010, 21 желтоқсан. Астана, 2010, 176-187- бб.

**2011 ж.**

93. Ахмеди Ысқақовтың қазақ тіл білімі бойынша зерттеулері. «Түркі жазба мәдениеті және Ахмеди Ысқақовтың тілдік мұрасы» атты А. Ысқақовтың 100 жылдық мерейтойына арналған ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Қ.А. Ясауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университеті, 2010, 15 қараша. Түркістан, 2011, 6-10- бб.
94. **Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі белгісіз екінші кірігіңкі езулік буынды дауыссыздардың мағынасы мен таңбасы** // Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай өткізілетін «IV Халықаралық Түркология Конгресінің» материалдары, 2011, 13-14 мамыр, 83-87- бб.
95. Мөде – Мардан шанюй (б.д.д. III ғ. – 174 ж.). Түркі Академиясы ұйымдастырған «Түркі өркениеті және тәуелсіз Қазақстан» атты Қазақстан Республикасының 20 жылдығына арналған конференция материалдары. Астана, 2011, 215-219- бб.
96. **Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі белгісіз екінші кірігіңкі дауыссыздардың мағынасы мен таңбасы** // «Түркология», 2011, № 3, 3-28-бб.
97. Бумын қаған – Алпамыс батырдың өзі // «Ана тілі», 2011, № 31-32, 34, 35, тамыз-қыркүйек.
98. **Бумын қаған (Алпамыс батыр туралы тың дерек)** // «Жалын», 2011, № 8, 76-89-бб.
99. **Көне түркі күл жазуындағы белгісіз еріндік буынды екінші кірігіңкі дауыссыздардың мағынасы мен таңбасы** // «С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Хабаршысы. Филология сериясы, 2011, № 6, 97-111-бб.

**2012 ж.**

100. Алпамыс батыр. Елдікті ұлықтаған әулет. Алматы «Айтұмар», 2012, 189-204-бб.
101. Ақтөбе қала-жұртынан табылған Баласағұн атауына қатысты және басқа да мағыналы жазулар // «Түркология», 2012, № 4, 9-28-бб.
102. Ақтөбе-Баласағұн қала-жұртындағы жазулар // «Ана тілі», 2012, № 43 (қазан), 6-7-бб.
103. **Есік обасынан табылған күміс тостағандағы көне жазудың сыры.** Кіт.: Түркологиялық зерттеулер. Астана, «Түркі академиясы», 2012, 164- 189-бб.

**Ж.Танауова. Алпыс үш жастың ғұмырлық мазмұны.**

---

104. Бабаларымыз қағаздың тозатынын, өртелетінін білгендіктен, өз сөздерін «мәңгі тасқа» жазды. «Аңыз адам» (сұхбат – жур-т Мәдина Серікқызы), 2012, № 23 (желтоқсан), 46-47-бб.

**2013 ж.**

105. **Күлтегін жазба ескерткішіндегі Істемі жабғының және Боджман қаған ұлдарының түркі текті есімдері.** А.Ясауи ат. ХҚТУ ұйымдастырған «Мәдени ықпалдастық және өркениеттер бірлігі» атты V Халықаралық түркология конгресінің материалдары. Түркістан, 2013, 202-213-бб.
106. Надписи, имеющие отношение к названию Баласагун и с другими значениями, найденные в городище Актобе // «Известия НАН РК» Серия археологическая, 2013, № 3, С. 256-269.
107. **Жазба ескерткіштегі түркі текті есімдер I.** // «Ана тілі», 2013, № 32 (15-21. 08.) (5-ші бет).
108. **Жазба ескерткіштегі түркі текті есімдер II.** / «Ана тілі», 2013, № 33 (22-28. 08.), (5-ші бет), Жалғасы.
109. **Күлтегін ескерткішіндегі Гүлбаршын анаға және Өзгент, Қандөз тәрізді ел-жер атауларына қатысты тың, тарихи мәліметтер.** Тарихшы-дінтанушы ғалым Зікірия Жандарбектің 60 жылдығына арналған «Қазақтың дәстүрлі діні мен төл тарихының өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. Түркістан, 2013, 165-171-бб.

**2014 ж.**

110. **Боджман қаған ұлдары мен інісі Істемінің түркі текті есімдерінің Күлтегін жазба ескерткішінде таңбалануы** // «Түркология», 2014, № 67, 46-57- бб.
111. Бумын қаған – Алпамыс батырдың өзі II // «Мырзашөл» (журнал), 2014, № 4 (тамыз-қыркүйек). 26-31-бб. (6 бет).
112. Бумын қаған – Алпамыс батырдың өзі III // «Қазақстан-2050» (газет), 2014, № 08-09 (қараша-желтоқсан). 6, 8-бб. (1,3 бет).
113. **Ежелгі Қаңлы мемлекетінің қалалары мен жазулары.** // Академик Ө.Т.Қайдардың 90 жылдығына арналған «Ғылымдағы ғұмыр: Ана тілі және түркі әлемі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, Елтаным баспасы, 2014, 200-206- бб.
114. Ежелгі Қаңлы мемлекетінің мәдениеті. «Түркология», 2014, № 68, 16-30- бб.
115. Ақтөбе қала-жұртынан табылған Баласағұн атауына қатысты және басқа да мағыналы жазулар – I. // Шәлекенов У.Х. Шыңғысхан – моңғол және түрік этностарын біріктіруші. Алматы, «Қазақ университеті», 2014, 267-290 бб., (304 бет).

**2015 ж.**

116. Араб жазулы екі жазба ескерткіштің оқылымы. «Түркология», 2015, № 1, 3-11-бб.
117. Боджман қаған ұлдары мен інісі Істемінің түркі текті есімдерінің Күлтегін жазба ескерткішіндегі таңбалануы (II). «Мырзашөл» (журнал), 2015, № 1, 3-11- бб.
118. **Күлтегін жазба ескерткішінде жазылған Боджман қаған ұлдарының есімдері.** «Мырзашөл» (журнал), 2015, № 1, 3-11- бб.
119. **Күлтегін ескерткішіндегі теңеулер.** Қазақ тіл білімін зерттеуші ғалым

- Т.Қ.Қоңыровтың 80 жылдығына арналған дөңгелек үстел материалдары.  
Алматы, «Абылай хан атындағы ҚазХК жәнеӨТУ баспа-полиграфия орталығы»,  
22 мамыр, 2015, 136-139- бб., (201 б.).
120. Алтын Орданың соңғы ханы Тоқтамыстың қабірі (Б.Қорғанбековпен бірге).  
А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркология ғылыми-зерттеу институты  
ұйымдастырған «Қазақ мемлекеттілігіндегі Қазақ хандығының орны» атты Қазақ  
хандығының 550 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық  
конференция материалдарының жинағы. Қазақ хандығы. Алматы, «Қазығұрт»,  
20 мамыр, 2015, 211-217- бб., (424 б.).
121. Отырардан табылған араб жазулы екі жазба ескерткіштің мағынасы. «Түркі  
жазбалары мен мәдениеті күндері» шарасы аясында өткізілген «Қазақ хандығы  
мен түркілердің рухани мәдениеті: тіл және тарих» атты республикалық  
ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Тараз, ҚР Мәдениет және  
спорт министрлігі, Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті, 2015,  
21 мамыр, 118-123- бб., (168 б.).
122. **Этносаралық қарым негізіндегі түркі тілдерінің таптастырымы.** Қыздар  
педагогикалық университетінде Ә.Құрышжанұлының 85 жылдығына арналған  
«Профессор Ә.Құрышжанұлы және түркі дүниесі: тіл, тарих, руханият» атты  
халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 2015, 27  
қараша, 118-122 бб., (402 бет).

**2016 ж.**

123. **Қазақстандағы көне түркі күлбіздік жазба ескерткіштерінің зерттелуі:  
өткені, бүгіні және алдағы міндеттері.** Қазақстан Республикасы Мәдениет  
және спорт министрлігі, Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті  
ұйымдастырған түркі жазбалары мен мәдениеті шарасы аясында өткізілген  
«Түркі жазба мәдениеті: тарихи тағлым және тәуелсіздік мұраттары» атты  
республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Өскемен, 2016,  
20 мамыр, 73-79 бб.
124. Тоқтамыстың қабірі туралы қосымша деректер (Б.Қорғанбековпен бірге).  
А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркология ғылыми-зерттеу институты 2015 жылы  
19-21 мамырда ұйымдастырған «Қазақ мемлекеттілігіндегі Қазақ хандығының  
орны» атты Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-  
теориялық конференцияның материалдарының жинағы. Түркістан, «Қ.А.Ясауи  
атындағы ХҚТУ», 2016, 525-532- бб.
125. Тоқтамыстың қабіріне қатысты тарихи дерек // «Қазақ үні», № 28, 7-15 шілде,  
2016.
126. Йасы өзенінің аңғарын сақтап қалайық // «Түркістан», 2016, № 31, 15 шілде, 4-б.
127. **Түркі халық-тілдерінің шығу тегіне этносаралық қарымның қатысы.**  
«Түркология», 2016, № 4, 49-58- бб.

**2017 ж.**

128. **Күлтегін жазбасы – көне мұра.** «Ана тілі», 2017, № 3, 19 қаңтар, 4-5 бб.



**КҮЛТЕГІН ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ КҮРДЕЛІ  
ГРАФЕМАЛАРДЫҢ ОҚЫЛУЫ АРҚЫЛЫ АНЫҚТАЛҒАН  
ТЫҢ ТІЛДІК ЖӘНЕ ТАРИХИ МӘЛІМЕТТЕР**  
THE NEW LANGUAGE AND HISTORICAL DATA REVEALED IN  
CONNECTION WITH READING OF DIFFICULT GRAPHEMES IN  
A WRITTEN MONUMENT KUL-TEGIN

О. Д. БЕКЖАН\*

**Түйіндемe**

Орқұн жазба ескерткіштеріндегі жай графемамен жазылған мәтіндер В.Томсен, В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, С.Е.Малов секілді түркітанушы ғалымдардың оқуы арқылы дүние жүзіне мәлім болғаны белгілі. Ал осы жазбалардағы белгісіз күрделі графема арқылы жазылған мәліметтер шет ел түркітанушыларына әлі жеткен жоқ. Мақалада Күлтегін жазба ескерткішінде күрделі графемалар арқылы жазылып қалған тың мәліметтер сөз болады.

**Кілт сөздер:** Күлтегін, күрделі графема, жазба ескерткіш, таңба, көне түркі жазуы.

**Summary**

The texts written by simple graphemes of the Orkhon written monument were world renowned thanks to readings of such scientific turcologists as V. Tomsen, V. V. Radlov, P. M. Melioransky, S.E. Malov. And data which have been written by difficult graphemes became inaccessible to foreign turcologists as these written monuments aren't translated to foreign languages. In article it is told about the new data written by difficult graphemes in a written monument to Kul-Tegin.

**Keywords:** Kul-Tegin, difficult grapheme, written monument, sign, letter of ancient Turkic peoples.

Күлтегін ескерткішінің текстологиялық және лексикографиялық зерттелуі атты тарау 2005 жылы жарияланған «Күлтегін ескерткіші және жай сөйлемнің теориялық мәселелері» (Түркістан, 2005) атты монографияда жарияланған болатын. Содан бері КТКЖЕ (көне түркі күлбізiк жазба ескерткіштерi) бойынша зерттеулер арқылы көптеген жаңалықтар ашылды. Әсіресе, КТКЖЕ-нде күрделі графемалардың мол қолданылуы арқылы аз орынға мол мәлімет сыйғызу тәсілі

---

\* филология ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркология ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері, Түркістан- Қазақстан. Candidate of philology sciences, senior scientific worker of the scientific-research in the Institute of Turkology. International K.A.Yassawi Kazakh-Turkish University. Turkistan-Kazakhstan. e-mail: bekor53@mail.ru





Мағынасы кейін ашылған таңбаның бірі кірігіңкі **ДЖ** дауыссыздары екені мәлім. Бұл таңба арқылы бұрын *Бумын* болып оқылған Көктүрік қағанатын құрған қағанның есімі **Боджман** болып оқылатыны ашылды. Боджман қағанның Алпамыс батыр екені де тыңғылықты зерттеулер нәтижесінде дәлелденді. Бұған қосымша және нақты дерек болып қосылған дәлел Күлтегін ескерткішінде жазылып қалған Алпамыс батырдың жары Гүлбаршын ананың да есімін, оның жерленген мекенін айтуға болады. Ескерткіштің өзінде Білге қаған Боджман қағанды ата-бабамыз деп көрсетсе, Гүлбаршынды анамыз деп нақты атайды.

Ежелгі құнқтардың ата-мекеніндегі *Хуанхэ* өзенінің атауы түркілік **Қуанқ** (ақ, сары, қуан) сөзінен алынғаны, *хэ* (өзен) сөзінің де түркіше **-ақ, -ек** (/қа, ке) гидроформантынан туғаны жайында болжам-пікір айтқан едік, енді күрделі графема арқылы сол өзеннің **Сарығ өзен** болып аталғаны да ашылып отыр. Бұрын *Яшил* болып қате оқылды. Сондай-ақ ол өзенді **айаш** деп құрметтей жазады, хұндарды алғаш рет түркі тілінде **Қонқ елі** деп нақты атауы да оқылып ашылды. Ескерткіште қате оқылып, даулы тақырыпқа айналған *алты чоб соғд* (КТү 31) деген тіркестің де күрделі графема арқылы жазылғаны анықталды. Жазудың дерегіне қарағанда ескерткіште сол тіркестің орнында **алты асыз арыс алчұнқ табы, сарт, соғұд, Қоқанқ, Бұқар, сарығ ноғад, дақ** деген көптеген түркілік тайпалар мен *сарт* тәрізді қазір де солай аталатын иран тектес қауым және қалалар атауынан тұратын үлкен тізбекті тіркес болып шықты. Бұрын оқылмаған **Қоқанқ, Самұрқант, сарт** және көне грек жазбаларында жазылып қалған **массоғұд, дақ** тәріздес тайпа есімдері де оқылды. *Дақ*, әрине, қазіргі кіші жүз тайпасы Адайдың көне нұсқасы екені шүбәсіз.

*Соғұд* тайпасының аты – бұрын да оқылған атау. Бұған қосымша иран тектес екені белгілі *сарт* атауы оқылды. Оның жеке ел емес, түркі тайпаларының арасында егіншілікпен айналысып келген қауым екені мәлім. Бұл қауым ХХ ғасырдың 20- сыншы жылдарына шейін осылай айтылып келді де, кейін **өзбек** атауын қабылдағаны аян. Өйткені бұларға көшпелі өзбек аталып келген түркілік тайпалар қосылып, бір этносқа бірігіп қалған болатын. Ескерткіштен оқылған үлкен жаңалықтың бірі **Сарығ ноғад** атты ежелгі түркілік тайпа атауы дүниеге жол тартты. Ноғай хандығының, Ноғайлы елінің қайдан шыққандығы жөніндегі даудың шешімі де осы атаудан табылатыны да айқын секілді.

Бұрын **Берчекер** болып оқылып келген сөздің не елді мекен екені, не ру-тайпа екені беймәлім болып келді. Қазір бұл сөз екіге бөлініп, бірінші бөлігі кіші жүздің **Беріш** тайпасы екені белгілі болса, екінші бөлігі **Керджөр** болып оқылды. Оның қазіргі **Кердері** тайпасы екенінде күмән жоқ. Көне дәуірде ол атау *керчөр~ керджөр* болып атала келе, кердеріге ауысқаны тілдік те, тарихи нақты айғақтар арқылы да дәлелденеді. Тарихи тұрғыдан алғанда ескерткіште аталған кіші жүздің *Беріш, Адай, Алшын* тайпаларымен қанаттас тіршілік кешкен тайпалардың бірі *Кердері* екені мәлім. Алшын тайпасының құнқ тектес тайпа екендігі туралы пікір білдірген едік. Сарығ ноғад та құнқ тектес болғандықтан алшындармен қатар қоныстас болған сияқты. Сарығ ноғадтардың қазіргі ұрпақтары **Ноғай** руы құнқ тектес Қоңыраттың құрамында саналады.

Дау тудырып жүрген атаулардың бірі – *Кеңуу Тарман*. Бұның Тарман бөлігі дұрыс оқылған. Ал алдыңғы бөлігі күрделі графема арқылы жазылғандықтан шала танылып, мағынасы түсініксіз болғандықтан Тарман атауына біріктіріліп жіберілген. Сөйтіп оның қай мекенді білдіретіні дүдәмал болып қалған. С.Г.Кляшторный бұны Отырар қаласының атауы деп түсінген. Қазір бұл **Кеңгүү арыс// Кеңгүүеріс** болып оқылып, *қаңға* (қанқ> қаңқ> қаңғ) сөзімен тектес атау болғаны белгілі болды. Бұл *Қаңғ* атауының жіңішке нұсқасы. Бұлардың соңына **-үу, -үү** дауыссыздарының қосылуының себебі мынадан: бұл атауларға **Ғүүз// Гүүз** тайпа аттары қосылып айтылатын болған. Мысалы, **Қаңғ-Ғүүз арыс// Кеңг-Гүүз арыс** болып қолданыла келе, бұлардағы **3** дыбысы қысқарып, *Қаңғуу арыс, Кеңгүүеріс* тұлғасына түскені аңғарылады. Бұл тарихи айғақтар арқылы да нақтыланады. Яғни, *Қаңғ, Ғүүз* тайпалары бір мемлекеттің құрамында өмір сүрген.

Ескерткіштегі Тарман// Тарбан атауы – қытай жазбаларындағы *Даван* атауымен сәйкес топоним. Даван – қытай жазуымен **Р** дыбысы түсіріліп жазылған Ферғана қаласының аты екені мәлім. Сондықтан Тарбанның Ферғана екеніне дау тумауы тиіс. Бұл ескерткіштің өзінде де Темір қақпамен сәйкестіріле аталуымен де дәлелденеді. Жейхун мен Сейхун арасындағы ескерткіште жазылған Ферғана мен Бұқардан басқа осылармен қатар қоныстанған **Самарқант** пен **Қоқан** қалаларының атаулары да жазылғаны ашылды. Аз орынға көп мәлімет сиғызу әдіс-тәсілдеріне қосалқы таңбалар арқылы жазу да жатады. Қосалқы таңбалар негізгі таңбаның қасына әлсіз таңбалану арқылы жасалады. Сондай-ақ күрделі графема да әлсіз таңбалар арқылы

кескінделеді. Самарқант атауының **Семіз кент** деген мағынаны бідіретіні туралы жазбалар жазылып қалғаны белгілі болатын. Сол пікірдің дұрыстығы Күлтегін ескерткішінде де сол сөздің, яғни, «Самарқант сеп-семіз қаласында» деп жазылуы арқылы тағы да түпкілікті дәлелденді. Күлтегіннің ең алғашқы жорығы **Тоғу** қаласына жасалды деп түсінік беріліп жүрген еді. Және осы қате оқылған қаланың қасындағы өзеннің аты да Білге қаған ескерткішінде жаңылыс **Тоғла** болып оқылды. Шындығында ол қала Самарқант қаласы да, өзен қаланың іргесіндегі **Зерафшан** өзені болып шықты. Ескерткіште Күлтегін бір жылда бес рет соғысқа қатысқан, ал Білге қаған осының төртеуінде ғана шайқасқан, біреуіне, нақты айтқанда, үшінші соғысқа қатыспаған. Ал осы бес шайқастың алдында: «Тоғыз оғыз халқы өз халқым еді, Тәңірі-аспан мен жер бүліншілікке ұшыратқандықтан жау болды» дейді. Сөйтіп ары қарай: «Бір жылда бес жолы соғыстық» дейді. Осы баяндаудан бес соғыс та тоғыз оғызға қатысты деген ой туады. Ал тоғыз оғыздың орналасқан жері Өтүкен-Орқұн аймағының солтүстігінде екені ескерткіштерде анық айтылған. Сондықтан бұл соғыстардың бәрі де қазіргі Моңғолия аймағында өткен деген пікір қалыптасқан еді. Қазір ескерткіш мәтінінің дұрыс оқылуына байланысты бұл бес шайқас Моңғолияда емес, Қарлұқ хандығы маңайы мен Қаңлы-оғыз хандығы мен Ферғана, Самарқант, Бұқар, Қоқан қалаларында өткені айқындалды. Біздің Оғұз тайпаларының екі топқа бөлініп айтылғаны туралы алдыңғы пікіріміз қазір толық дәлелденді. Яғни, сегіз оғұз бен тоғыз оғұз бірігіп Моңғолияның солтүстігінде орналасқан, өз алдына жеке хандық құрып, Көк Түрік мемлекетіне қосылмай қарсы шығып жүрген түркілік тайпалар, өздері жеке бөлініп жүретін кіші хандықтар. Екінші топ – Қаңлы мемлекетімен біріккен **Құз Оғұз** тайпалары.

Жоғарыда айтылған Тоқұз Оғұз (КТү 44) деген тіркес қате оқылған жаңылыс тұжырым болды. Шындығында *тоқұз* деген сөздің басқы  $\text{𐰇}$  T<sup>1</sup> деген дыбыс-таңбасының үстіне үстіңгі қиғаш сызығы солға қаратып жазылған  $\text{𐰇}$  A таңбасы орналастырылған. Ал ол T<sup>1</sup> таңбасының үстіңгі  $\text{𐰇}$  бұрыш таңбасымен қосылып  $\text{𐰇}$  PT болып оқылады. Яғни, күрделі графема болып жазылған **ARTT<sup>1</sup>AK<sup>4</sup>Y K<sup>4</sup>YZ OҒҮЗ** деген тіркестегі **PT** таңбасын оқи алмағандықтан, ол таңбаның мағынасы анықталмағандықтан T<sup>1</sup>OQ<sup>4</sup>YZ болып оқылған. Оның үстіне В.Томсеннің кезінде күрделі графема болуы мүмкін деген ой олардың есіне кірмеген де болатын. Арттақұ деген сөздің қазақ тілінде

*арттағы* болып өзгергенін тілші-ғалым емес жай тіл тұтынушының өзі де аңғаратыны белгілі жайт. Бұл сөз Қ<sup>4</sup>ҰЗ деген сөзге біріктіріліп оқу үшін әдейі алынған, әйтпесе бұл сөздің орнына *құрығарұ* (кейінде, батыста) сөзі қолданылғаны мәлім.

Ескерткіштегі дау тудырып жүрген сөздердің қатарында **Езгенті Қадаз** деген сөздер де болғаны белгілі. Алдыңғы жарияланымда біз Қадаз сөзі қате оқылған Тараз сөзі шығар деген болжам пікір білдірген едік. Ол кезде қолымызда В.В.Радловтың «Атласы» болмаған-тын. Қазір ол сөздер қате оқылған Қызылорда облысының Жаңақорған ауданында орналасқан **Өзгент** пен **Қандөз** және **Баршын ана сақанасы** (Көккесене) атаулары жазылған күрделі графема екені анықталды. Осылайша Күлтегіннің бесінші шайқасының да қайда өткені ашылды. Сонымен Күлтегіннің бес шайқасы Тоғыз оғыздармен емес, Қаңлы-оғыз хандығы және Ферғана, Самарқанд, Бұқар, Қоқан қалалары аймағындағы сарт, алшын, сары ноғай, қазіргі кіші жүздің рулары – беріш, адай, кердерілермен болғаны белгілі болды. Біздіңше, Кеңгүерістің құрамында құнқ тектес қазіргі қаңлы руларының түп-тектері, қытай жазбасында *юечжи* аталған, грек жазбаларында *алазон* аталған қазіргі *алшындар* (ала чүз чүнк// чынк// құнқ// қынқ), *сары ноғайлар* және басқа да құнқ тайпалары болған деп білеміз. Ал құз оғыздың құрамында қазіргі кіші жүздің құрамындағы тайпалардың ата-тектері болғаны ескерткіштегі жазылып қалған беріш, адай, кердері тайпаларының аттарынан мәлім болады. Қазіргі түркімендерді құраған тайпалар құнқ тектес рулар болғаны мәлім, бірақ олардың қандары парсы тектестермен араласып, қазіргі оғыз тілдес тұқымдардың тууына негіз болған деуге болады.

Көптеген жаңадан оқылып анықталған сөздердің қатарында **арынчы, көк йетім, йаба, йыджырта, джек, джаңқ, мерт, сарт, джұдырта, сыдырта** тәрізді сөздерді келтірсек, бұрынғы қате оқылған сөздерге *йаблақ – йабанлық, йабанчлық, құнчүй – отүкүнчүй, борча – боранча, чықаны – чықанчысы, арқыш-тіркіш – арқартқыш-тіркергкіш* сияқты сөздер жатады. Жаңаша транскрипцияға бұрын түсініксіз болып жүрген *кедім – кідім, тоғсық – тұуғысық, батсық – батысық, таш – тыш, телінмесер – тілінмесер* секілді басқа да түзетулерді атаймыз. Бұрынғы аудармамызда мынадай транскрипциядағы (**ІДІ, ҰҚҰ, АСЫЗ, КӨК ТҮРҮКІ**) тіркес *Ие, ұлы, асыл көк түрігі* болып аударылған еді. Қазір **көк** сөзінің **ұлы** деген мағынасы барлығы ескеріліп, **Ие, ұлы, асыл Көк Түрік** болып

түзетілді. Яғни, Көктүрік дегеніміз **Ұлы Түрік** деген ұғымды білдірген деп түсінеміз.

Орқұн ескерткіштерінде, нақты айтқанда, Күлтегін, Білге қаған, Тойнұққұқ жазбаларында Самарқант, Бұқар аймағында ғұмыр кешкен **соғды** халқы туралы мәлімет келтіріледі. Күлтегін ескерткішінің 31, 39-шы жолдарында **соғдақ**, 52 жолда **соғд** болып жазылған деп есептеледі. Бұл тұжырымды тудырушы ең алғашқы зерттеушілер Тойнұққұқ жазбасында да **соғдақ** болып жазылған деп шешкен. Біздің зерттеуімізде осы ескерткіштердегі С<sup>1</sup>оҒД<sup>1</sup>ы сөзіне қатысты тұстарда жуан **С**<sup>1</sup>- мен басталатын *сарт*, *соғұд*, *Самұурқант*, *сарығ* сөздері оқылатын күрделі графема жазылғаны анықталды. Күрделі графемадан соң жеке таңбалар арқылы **Д**<sup>1</sup>аҚ<sup>1</sup> сөзі жазылғаны анық. Бірақ бұл сөзге *ноғад* сөзі тіркесіп, **Д**<sup>1</sup> таңбасы *ноғад* сөзіне де, *дақ* сөзіне де ортақ оқылатын етіп жазылған. Ал күрделі графема арқылы **сарт-парт**, **соғұд**, **массоғұд** сөздері қатар оқылған деп тұжырымдаймыз. *Сарт* сөзіне қазақ тіліндегідей мағынасы белгісіз, ұйқас сыңар *пұрт*, *парт* сөздері қосылып жазылған. Бұл соған тектестер деген мағынаны білдіретін қос сөзге тән қағида екені қазіргі тілдік заңдылығымыздан белгілі. *Ноғад* және *массоғұд* сөздері Тойнұққұқ ескерткішіндегі жазбада анық бейнеленген. Ондағы күрделі графемада **С**<sup>1</sup> таңбасы **Г**<sup>1</sup> таңбасының оң жағындағы кіші сызыққа байланыстыра сызылған. Ал сөздің басындағы бұрынғы зерттеушілер **С**<sup>1</sup> деп оқыған таңба – мүлде **С**<sup>1</sup> таңбасы емес, **Н**<sup>1</sup> таңбасы. Бұдан кейінгі **О** таңбасы мен **Н**<sup>1</sup> таңбасының жоғарғы ұштары қосылып және араларына жіңішке сызықтар сызылып **М** таңбасы белгіленген. Осы арқылы *сарығ ноғад*, *массоғұд* сөздері айқын оқылды. Ал КТү 31, 39, 52 жолдарында ол таңбалар күрделі графеманың ішінде келгендіктен бұл сөздерді ажыратып оқуға болмас еді. Дәл осы себептен де алғашқы зерттеушілер КТү 52 жолындағы *ноғад* сөзінен кейін келетін **Д**<sup>1</sup>аҚ<sup>1</sup> болып оқылатын таңбаларды ажырата алмаған. Сондай-ақ бұл сөздегі *соғұд*, *массоғұд* сөздері сөздің соңындағы **Д**<sup>1</sup> таңбасына қосылып, бөлек жазылған.

Орқұн күлбіздік жазбаларында жазылған *соғұд*, *массоғұд* ел атауларының Геродот келтірген *скиф*, *массагет* этнонимдерімен сәйкес келуі көңілге ой салады. Грек жазбаларындағы *skitae/ skitha/ skit/ hskit* атауын орыс зерттеушілері **скиф** деп өзгертіп жазғаны туралы белгілі түркітанушы К.Мұсаев (Тюрки Центральной Евразии: контакты языков и культур // «Түркология», 2002, № 1, 15-б.) дәйекті



айғақтар келтіріп талдау жасайды. Онда ғалым **скит** сөзінің **сақ+ыт** сөзінен туғанын дұрыс келтіреді. Яғни, *сақ* негізгі ел атауы болса, (ы)Т дыбысы түркі тіліне тән көптік жалғауы деген тұжырым жасайды. Массажет сөзінің *массақтан* (/бассақ) туғаны жайында, сонымен бірге *сақ* атауына қатысты *туру+сақ/ туруска* (санскрит), *тыс+сақ, апи+сақ/ апасиақ, қай+сақ* сияқты ел есімдерін келтіріп өз пайымдауын ұсынады. Ғалымның *скит* атауының **сақ+ыт** туынды сөзінен өзгергені туралы ойын біз құптаймыз. Мұндағы Т көптік жалғауы сақ атауына жалғанып, түркі тілінің заңдылығы бойынша сол дәуірде дұрыс қолданылған. Ал оны шет елдіктер этноним ретінде қабылдаған. Сақтардың арасында бұл қосымшаға *-лар, -лер (-дар, -дер, -тар, -тер)* көптік жалғауы да үстеле жалғануы да орын алғаны ақиқат, сөйтіп -Т көптік жалғауы бірте-бірте жалғау ретінде қолданыстан шыққан. Сол себептен -Т қосымшасы өзінің бастапқы қызметінен айрылып, *керей+т* (керей+лер), *дөй+т* (дөй+лер) тәрізді этнонимдерде морфонологиялық, қызметсіз бос дыбыстарға айналған. Бұл мысалдағы *дөй* тайпа есімін біз ежелгі грек жазбаларындағы *дай* (<дақ) этнонимінің жіңішке, еріндік нұсқасы деп білеміз. Бұлардың аталуы тұрғысындағы ең ежелгі нұсқасы орқұн ескерткіштерінде жазылған **дақ** нұсқасы екені айқын. Бұл **дах** түрінде қытай жазбаларында жазылып қалғаны Н.Я.Бичурин (Средняя Азия и Восточный Туркестан. Алматы, 1997, 55-б.) еңбегінде келтірілген.

Соғыд этнонимі туралы ең алғаш мәлімет берген парсы патшасы Дарий I екені мәлім. Оған қатысты Накширустам (Тураев Б.А. История древнего Востока. Минск, 2004, С. 544) жазбасында Дарий I-ге бағынышты елдер қатарында *Согдиана, Сарды* елдерінің аттары жазылған. Мұндағы *сарды* елі өзімізге белгілі *сарт* қауымы екені мәлім. Ал *Согдиана* болса, *согды* елі деген мәнді білдіретін ел атауы екені даусыз. Бұл *соғұд* сөзі – жоғарыда айтылған *сақыт* сөзіне, сондай-ақ парсы тілінің дыбыстық заңдылығына сай қалыптасқан сөз. Яғни, түркілік А дыбыстары О-ға өзгертіліп айтылады. Қазіргі өзбек тілі осы заңдылыққа негізделген. Сонда ежелгі парсылар түркілік *сақ* атауын **соқ** деп дыбыстағаны мәлім болады. Қатаң дыбыстарды ұяндатып айту да парсы тілінің заңдылығына жатады. Мысалы, *сарт* атауын ұяндатып **сард** дегенін жоғарыдағы мысалдан көруге болады. Дәл осы тәрізді түркілік **сақыт** этнонимі де парсылық дыбысталуға сәйкес **соғұд** болып айтылғаны күмәнсіз деуге болады. Бұдан сақтардың түркі тілдес халық болғаны, олардың бір бөлігі парсыларға тәуелді болып, олармен қандары араласып будан ел пайда болғаны аңғарылады. Бұл туралы М.Қашқари да олардың қос тілді екенін, түркі тілін жақсы білетінін айтады.

**ТҮРКІ ТІЛІНДЕГІ ТҮБІРЛЕС СӨЗДЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ  
ӨРІСІ**  
**THE SEMANTIC FIELD OF WORDS COGNATE OF TURKIC  
LANGUAGE**

Б. ҚАСЫМ\*

**Түйіндеме**

*Функционалды-семантикалық өріс* – тілдегі грамматикалық көрсеткіштердің лексикалық, лексика-грамматикалық әрі сөз тудырушы, сөз түрлендіруші лексемалардың екіжақты қырынан мазмұн-форма үйлесімді семантикалық ортада көрініс табуы. Туынды сөздердің белгілі бір семантикалық қатынастарға түсуі, лексикалық, сөзжасамдық жүйедегі өзара байланыстылығы семантикалық өріс арқылы көрінеді.

Мақалада автор тілдік жүйедегі семантикалық өріс ұғымын қарастырып, *көз, көру, бас* аталымдарының лексика-семантикалық өрісі талдайды.

**Кілт сөздер:** семантикалық қатынастар, ұғымдық, заттық ұқсастықтар, семантикалық өріс.

**Summary**

The article deals with the semantic field. The structure of functional-semantic field and the categories of functional-semantic is compared. As a conclusion the theme functional-semantic distinguished among the existing grammatical works that is focused on solving the problems of the development issues of word forming semantic field representation as on the materials of the Kazakh language and also when comparing the Turkic languages.

**Keywords:** functional-semantic, semantic, derivational, lexical-semantic field.

Сөздің семантикасын зерттеу негізінен жеке сөздердің мағыналық жағынан дамуын зерттеумен шектеліп келді. Ғалымдар сөзді жеке қарастыру жан-жақты табиғатын ашпайтынын және жеке сөздер мағынасы мен формасы жағынан бір-біріне туыс сөздермен бірігіп, сөздердің топтарын немесе өрісін құрастыратынын, сөздің мәнін, мәнісін білу үшін оның құрамын бір-бірінен жеке алып қарастырмай, ортақ мән-мазмұнының төңірегінде талдауды ұсынды. Бұл қажеттілік

---

\* филология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы-Қазақстан.

Doctor of philological sciences, professor. Kazakh of National pedagogical University named after Abai, Almaty-Kazakhstan. E-mail: [bkasym\\_gosyaz@mail.ru](mailto:bkasym_gosyaz@mail.ru)

## **Б. Қасым. Түркі тіліндегі түбірлес сөздердің семантикалық өрісі.**

тіл білімінде өріс теориясының шығуы мен дамуына, жаңа бағытта зерттелуіне әкелді. Ол тіл білімінің семантика саласын, функционалды грамматиканы тың және жаңа жолға бағыттады. Өріс теориясының негізін салушылар И.Трир, Л.Вайсгербер теориялары бойынша **семантикалық өріс** деп дәстүрлі немесе ғылыми түрде адамзат тәжірибесімен жасалған ұғымдардың нақты шектелген саласын толық жабатын, көбіне этимологиялық жағынан байланысты емес, т.б. сөздер жиынтығын атайды.

Тілдің даму көрсеткіші лексикадағы жүйелер сөздерді дамытады, мағыналарын түрлендіреді, ауыстырады, семантикалық дамуының айғағы ретінде көрінеді. Функционалды грамматика функционалды-семантикалық өріс (ФСӨ), семантикалық категория, категориалды жағдаят негізінде жасалады. ФСӨ теориясы А.В.Бондарконың еңбектерінде өзекті мәселе тұрғысынан қарастылып, «*Функционалды-семантикалық өріс*» – тілдегі грамматикалық көрсеткіштердің лексикалық, лексика-грамматикалық әрі сөз тудырушы, сөз түрлендіруші лексемалардың екіжақты қырынан мазмұн-форма үйлесімді семантикалық ортада көрініс табуы делінген болатын. *Функционалды-семантикалық өріс* – семантикалық категориялар негізінде әртүрлі деңгейдегі әрекеттес тілдік құралдардың функцияларының ортақтығына байланысты қалыптасқан жүйе [1, 390]. Ю.Д.Апресян пікірінше, тілдің сөздік құрамы ретсіз үйіліп жатқан бірліктердің жиынтығы емес. Ол сөздердің мағыналық ортақтығына байланысты біріккен бірнеше өрістерден тұрады деген пікір айтады [2]. Ю.Н.Карауловтың анықтауынша, лексика-семантикалық өріс *өзегімен* (ядромен) байланысты тілдегі сөздер тобы және олар өрістің шекарасын айқын анықтауға мүмкіндік береді [3, 61]. Лексика-семантикалық өрісті жасауға өрісте бір-бірімен белгілі бір байланысқа түсетін сөздер мағынасы тірек болуы тиіс. Автордың пікірінше, лексика-семантикалық өрісті зерттегенде синонимдік, түр және ассоциативтік байланыстарды есепке алу қажет. Сөйтіп, *лексика-семантикалық өріс* (ЛСӨ) бір тектік мағынамен біріккен белгілі бір сөздер тобы (сөз тіркестері) болып табылады. ЛСӨ құрамы мағынасы жағына өріс ортасынан (өзегінен) әр түрлі «қашықтықта» (орталыққа жақын және шеткері аймақтар) орналасқан бірліктерден тұрады.

*Лексика-семантикалық өріс* деп тілде шындық болмысты бейнелеп, лексикалық бірліктер ортақ семантикалық компонент негізінде әр түрлі жүйелі семантикалық қатынастармен (синонимиялық, антонимиялық, гипер-гипонимиялық) және өріс

ортасымен байланысып жатқан біріккен сөздер тобы, яғни лексикалық бірліктердің жиынтығынан тұратын микрожүйешелер (лексика-семантикалық топ) түсініледі. И.М.Кобозеваның «Лингвистическая семантика» еңбегінде «семантикалық өріс деп айқындалатын құбылыстың ұғымдық, заттық және қызметтік ұқсастықтары мен мазмұнының жалпы болуымен біріктірілген тілдік бірліктер жиынтығы» деп көрсетілген. Тілші семантикалық өрісті мынадай қасиеттерге бөледі:

- сөздердің белгілі бір семантикалық қатынастарға түсуі;
- осы қатынастардың жүйелілігі;
- лексикалық бірліктердің өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігі;
- өрістің дербестігі;
- өрістің ұғымдық сипатын таңбалаудың тұрақтылығы;
- семантикалық өрістің бүкіл лексикалық жүйедегі өзара байланыстылығы [4, 99].

Ал Ю.Н.Караулов семантикалық өрістің төмендегідей ерекшеліктерін ажыратады:

- өріс құрамындағы бірліктердің бір-бірімен байланыстылығы;
- бұл байланыстардың жүйелілігі;
- өріс бірліктерінің бір-бірін анықтауы;
- өрістің дербестігі;
- өрістің түрлі тілдердегі өзіндік ерекшелігі [3, 61].

Жоғарыда айтылғаннан шығатын қорытынды: жеке сөздердің мағынасын егжей-тегжейлі ашпай, ешқандай семантикалық талдау жасау мүмкін емес, өз кезегінде ол экстралингвистикалық шындықты есепке алмау мүмкін емес, өйткені тек экстралингвистикалық шындыққа талдау ғана *семантикалық бірліктердің шегін анықтауға* мүмкіндік береді. Алайда біздің ойымызша, бұл байланыстар лексика-семантикалық өріспен салыстырғанда түрлі сөз табына жататын бір ұғымды білдіретін ассоциативтік өріс құрылымына тән. Лексикалық парадигма ретінде жалпы мағынасы бойынша біріккен бірнеше сөздердің жиынтығы түсініледі. Түркі тілдеріне ортақ дене мүшелері атаулары: *бас, көз, қол, аяқ* т.б. тілде семантикалық құрылымы күрделі бір буыннан тұратын *көз* сөзін бір семантикалық өрісте жататын, семантикалық деңгейлері ұқсас болып келетін басқа сөздермен топтастыра отырып қарастырғанда, көптеген түбірлес сөздердің жасалу тарихы мен шығу тектерінің бір екендігі байқалады. Мысалы,

## **Б. Қасым. Түркі тіліндегі түбірлес сөздердің семантикалық өрісі.**

*көру → қарау → байқау → аңғару → үңілу → тану → көз тастау → көзі түсу → көз салу* т.б.

Қазақ тіліндегі *көру* етістіктерінің семантикалық аясы: *көру, қарау, тесірею, шолу, тесілу, оқыраю, адыраю, одыраю, бағжию, бажыраю, жаудырау, жалтақтау, едірею, байқау, аңғару, шұқшию, сығалау, қадалу, мөлтеңдеу, сығыраю, телміру, тану* және т.б.

Көру қимыл мәнін қазақ тілінде *көру, қарау* етістіктері білдіреді: *Абай жалт қарап барып жаңа көрді. Аанадай жерде, қонақ үйдің сыртында, қасында екі-үш үлкен кісі бар – әкесі Құнанбай тұр екен* (М.Әуезов, «Абай жолы», 1- кітап, 9-б.).

Көру етістігінің семалық құрылымы өте қарапайым: *қарау, көз салу, көз салып байқау*. Қазақ тілінің 10 томдық түсіндірме сөздігінде көру етістігінің 6 мағынасы көрсетілген: 1. *Көзбен байқау, бағдарлау, байыптау*; 2. *Қарау, көзбен шолу*; 3. *Бастан кешу*; 4. *Ауыс. Айыптау, жазғыру, кінәлау*; 5. *Ауыс. Есептеу, санау, білу, тану*; 6. *Күрделі сөз құрамында жұмсалып, қосымша мағына үстейтін көмекші етістік* (ҚТТС 191). Сөздікте көру етістігінің 6 мағынасы бар деп көрсетілген: 1. *Қарау, көз салып байқау*; 2. *Кездесу, жолығу*; 3. *Ауысп. Бір нәрсені бастан кешу, білу*; 4. *Айыптау, жазғыру, кінәлау*; 5. *Балау, санау, білу, тану*; 6. *қосымша мағына үстейтін көмекші етістік*.

Мақсатты түрде көру үрдісін, көру органдарының активті түрде көру үрдісіне қатысуын доминант қарау етістігі білдіреді: *қарау, көз салу, назарлау, үңілу, бетін бұру, барлау, бақылау, шолу және т.б.*; ауызекі тілде: *бақыраю, ақшию, тесірею, жіті қарау, қадалу және т.б.* Қазақ тілінің 10 томдық түсіндірме сөздігінде қарау етістігі 12 түрлі мағына береді деп көрсетілген: 1. *Көз жіберу, назар аудару*; 2. *Іздеу, қарастыру, табуға тырысу*; 3. *Көру, тексеру, бақылау*; 4. *Ескеру, елеу, тыңдау, құлақ асу*; 5. *Аңғару, байқау, бағу*. 6. *Күту, тосу, бөгелу*; 7. *Бағып-қағу, күту, баптау*; 8. *Бағыну, қарауына, қол астына өту, тәуелді болу*; 9. *Есептеу, санау, ойлау*; 10. *Ауу, беттеу, ойысу қадам басу*; 11. *Арнайы сөз ету, талқылау*; 12. *Дәл бағытталу, тура келу* (ҚТТС, 55-56). Ал қазақ тілінің сөздігінде қарау етістігінің 10 мағынасы берілген: 1. *Назар аудару, көз жіберу*; 2. *Іздеу, қарастыру*. 3. *Көру, тексеру, аңғару, бағу, байқау, бақылау*. 4. *Ескеру, елеу, ден қою*; 5. *Күту, тосу, бөгелу*; 6. *бағып қағу, күту, баптау*; 7. *Біреудің қол астында болу*; 8. *Есептеу, санау, ойлау*; 9. *Ауу, өту, қадам басу*; 10. *Арнайы сөз ету, талқылау*. Мысалы: *Абай қайда өзі? – деп еді, Ұлжан Абайдың жатып қалғанын айтып, Жиренишеге біраз наразы салқын*

жүзбен қарады (М.Әуезов, «Абай жолы», 1-кітап, 36-б.). *Абай әкесіне көз салып еді, үндемей, түйіліп, Айғызға аса салқын қарап қалған екен* (М.Әуезов, «Абай жолы», 1- кітап, 130-б.). *Көріп, біліп келдік. Кәмшат ауру. Әл үстінде. Бізді танымады* (М.Әуезов, «Абай жолы», 1- кітап, 130-б.).

Сонымен қазақ тіліндегі көру етістіктерін мағыналық белгілеріне қарай талдай келе олардың оншақты лексика-семантикалық топты (ЛСТ) тілдік деректермен дәйектелді:

**ЛСТ 1 «Көру»** үрдісіндегі әртүрлі оқшау қарасты білдіретін етістіктер (*«ұнатпай, жек көре қарау» немесе «үрейлене қарау» нышанды етістіктер*)

Бұл топқа *адыраю, ажыраю, ақыраю, ақию, ақилану, алару, алақтау, ақшию, бадыраю, бақшию, бажыраю, бағжию, бақыраю, бежірею, бедірею, едірею, ежірею, ожыраю, оқшию, оқшыраю, оқыраю, одыраю, шадыраю* етістіктері жатады. Аталмыш етістіктердің архисемасы «қарау» және «бақырая қарау, көзін бағжиту» болғанмен олар тек қана «қарау» семасымен шектелмейді, олардың семантикалық құрылымында «көз салып байқау, көзбен байқау» семасы негізгі емес, өйткені бұл етістіктер көру үрдісінің әрекетін емес, оның сипатын, әртүрлі қырларын білдіреді. Олардың мағыналық құрамында «бақшиып қарау», «жақтырмай қарау», «сескеніп қарау», «үрке қарау», «үрейлене қарау», «қорқып қарау», «таң қалып қарау», «көз алартып тесірейіп қарау» сияқты мағыналық реңктер бар. Мысалы, **алақта** етістігі туралы «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен» мынандай түсініктеме алуға болады: 1. «Көздің шарасынан шығып аларуы, алақ-жұлақ етуі». *Осы кезде Жаппардың екі көзі жың соққандай алақтап, өңі бұзылып, бет ауызы жыбырлап кетті.* (К.Оразалин. Көктем.) 2. «Жалтақтап жан-жаққа қарау, асып-сасу». *Жүгіріп басып Күланда келеді. Үлкен қара көздері ойнақшып, жан-жағына алақтап қарайды.* (С.Ерубәев. Шығ.) Қазақ тілінің сөздігінде де екі мағынасы көрсетілген: 1. «Көзі алақ-алақ етті. 2. «Жан-жағына алақ-жұлақ қарау». **Одырай** етістігіне «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» мынандай төмендегідей түсініктеме берілген: «үрке қарау, едірею, адыраю». Мысалы: *Сәкен қизаиштай кеп жанаса берген мені көрмегендей одырая өтіп кетті* (С. Мұқанов) [ҚТТС, 375-б.]. *Сілем қатып өлгелі отырсам, - деп Қалампырды оқты көзімен атып, одырая сөйледі* (А.Хангелдин. Табысқан тағдырлар). Ал қазақ тілінің сөздігінде осы етістікке «адыраю, едірею, ежірею, одыраю» деп түсініктеме берілген. Мысалы: *Ол үріккен өгіздей маған одырая*

**Б. Қасым. Түркі тіліндегі түбірлес сөздердің семантикалық өрісі.**

**қарады. Ежірей** етістігі туралы қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «екі көзін тікірейтіп тесірейе қарау, бақшию» делінген [ҚТТС, 167-б.]. Мысалы: *Ит көрген текедей боп, иегі мен сақалын омырауына тыға түседі. Екі көзін ежірейте қарап тыңдап қапты* (М.Әуезов, «Абай жолы», 1-кітап, 276-б.). **Бағжию** етістігіне «көзі бақшиып тесірейе қарау» деп түсініктеме берілген. Мысалы: *Шал бағжиып қарады*. Бұл етістіктер бір-бірімен синонимдік қатынасқа түсіп тұр. Қазақ тілінің синонимдер сөздігінде бұл етістіктер туралы: «Бірдеңеден сескеніп қорыққанда, үрейленгенде, таңданып таңырқағанда, біреуді жақтырмаған пішін көрсету, көз алартып тесірейіп қарау» деп жазылған. Мысалы: *Ислам ақия қарап еді, қатыны жым болды* (О.Сәрсембаев). *Бұзаубақ нанарын да, нанбасын да білмей, бажырайып қарады* (Майлин). *Айша бір қызарып, бір сұрланып, Дәмешке бадырая қарады* (Шашкин). *Бұл жауапты естігенде, бағанадан бері үндемей мелшиіп отырған Майбасар, Жақыптар селт етіп, қабақ тұкситіп, ажырая қарасты* (М.Әуезов, «Абай жолы», 1-кітап, 80-б.). *Екеуі оңаша қалып, бір-біріне ажырайысып қарасқанда, түстерінде үлкен ыза бар еді* (М.Әуезов, «Абай жолы», 1-кітап, 577-б.). *Кейбіреулер осындай сөз шыққан жаққа қарай үріккен аттай оқырая қарап, ала көздерімен атып тастардай оқталысады* (А.Хангелдин. Қара торғай). Осы келтірілген мысалдардан аталмыш етістіктер көру үрдісіндегі әртүрлі оқшау қарасты білдіретін етістіктер екеніне, яғни, «ұнатпай, жек көре қарау» немесе «қорқып қарау», «үрейлене қарау» нышандарын білдіретін етістіктер екеніне көз жеткізуге болады.

Қазақ тіліндегі әр түрлі сөздіктен жиналған «көз» аталымдарының сипаты мен ерекшелігі. Қазақ әдеби тілінің сөздігі (15 том).

**Кесте-1**

№	«Көз» аталымының семантикалық өрісі	Көркем әдебиеттен мысалдар
1	зат. Көру мүшесі.	Көп заманнан бері басымыздан кешірген зорлық-зомбылық, кедейлік, надандық мұра қылып біздерге мерез, құрт, қотыр, көз ауруы сықылды пәлелерді қалдырған (М. Дулатов, Шығ.).
2	анат. Адамда, барлық омыртқалы жануарларда және кейбір омыртқасыз жануарларда жарық әсерін қабылдайтын мүше.	Адам және омыртқалы жануарларда көз – жұп мүше (ҚҰЭ).
3	ауыс. Әсемдеп жасалған дөңгелек, ою-өрнек, шеңберлі әшекей.	Қазақстанның Орталық музейінде сақталған бір ғана әйел ерінің өзінде отыз бір көз орнатылған.

